

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің білім
басқармасы
«Геология барлау колледжі»
ҚМҚК



КГКП
«Геологоразведочный
колледж» управления
образования Восточно-
Казахстанского
областного акимата

**0701000 «Пайдалы қазба кенорындарындау мен барлау және
геологиялық суретке түсіру»
(азылышын тілін біліуімен сынау оқу жоспары бойынша)
мамандығына арналған
«Еңбекті қорғау» пәнінен базалық тірек конспектiсi**

Кумпейсов У.А.

**0701000 «Пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлау және
геологиялық суретке түсіру»
ағылшын тілін біліуімен сынау оқу жоспары бойынша)
мамандығына арналған
«Еңбекті қорғау» пәнінен базалық тірек конспектісі**

Колледждің әдістемелік кеңесінде бекітілген

Әзірленген _20.12.2014_____

(мерзім)

Қайта өңдеген ___18.01.2017_____

(мерзім)

Семей қаласы, 2017 ж.

Кумпейсов У.А. 0701000 «Пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлау және геологиялық суретке түсіру» *(ағылшын тілін біліуімен сынау оқу жоспары бойынша)* мамандығына арналған «Еңбекті қорғау» пәнінен базалық тірек конспектісі.- 109 бет

Базалық тірек конспекті оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес 0701000 «Пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлау және геологиялық суретке түсіру» *(ағылшын тілін біліуімен сынау оқу жоспары бойынша)* мамандыққа әзірленген және ІІкурс студенттеріне арналған. Ол құрамында «Еңбекті қорғау» пәні бойынша VI бөлімнен тұрады, негізгі теориялық және тәжірибелік материалдар, сондай-ақ, құрамында бақылау сұрақтары мен тапсырмалары бар. Негізгі түсініктердің анықтылығына, олардың ерекшеліктері мен түрлеріне қысқа мерзімде жаңа ақпараттарды пайдалана отырып студент жауап бере алады және емтиханды сәтті тапсыра алады. Базалық тірек конспектісі студенттерге ғана емес, оқытушыларға да сабаққа дайындалу және оны өткізу кезінде тиімді.

Мазмұны

№	Тараулар мен тақырыптардың атауы	Бет
1.	Пәннің тақырыптық жоспары	5
2.	I тарау Еңбекті қорғаудың жалпы мәселелері.	8
3.	<i>№ 1 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> Кіріспе. Еңбекті қорғаудың жалпы мәселелері.	
4.	<i>№ 2 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> ҚР еңбек заңнамасының негіздері.	
5.	<i>№ 3 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> ГБЖ жүргізгенде еңбекті ұйымдастыру.	23
7.	<i>№ 4 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> Еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.	24
8.	II тарау Қауіпсіздік техникасы.	25
9.	<i>№ 5 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> Жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін ұйымдастыру.	
10.	<i>№ 6 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> Түрлі физикалық-географиялық жағдайларда жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы.	
11.	<i>№ 7 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> Көлік құралдары мен арнайы машиналарды пайдаланғандағы қауіпсіздік техникасы.	36
12.	<i>№ 8 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> Электрқондырғылары мен іштен жанатын қозғалтқыштарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы.	38
13.	III тарау Өндірістік санитария.	43
14.	<i>№ 9 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> Далалық жұмыстардағы санитария мен тазалық.	
15.	<i>№ 10 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> Өндірістік бөлмелерге қойылатын санитарлық-тазалық талаптары.	
16.	<i>№ 11 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> Өндірістік орта факторларының адамға жағымсыз ықпалынан қорғау.	47
17.	<i>№ 12 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> Жұмысшылардың жеке қорғаныс құралдары.	61
18.	IV тарау. Өртке қарсы қорғаныс негіздері.	63
19.	<i>№ 13 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> Жану және заттардың өрт қасиеттері.	
20.	<i>№ 14 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> Өндірістік және қосалқы ғимараттардағы, далалық жұмыстарды жүргізудегі өртке қарсы қауіпсіздік шаралары.	65
21.	<i>№ 15 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> Өрт сөндіру құралдары.	68

22.	<i>№ 16 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> Өрт қорғанысын ұйымдастыру.	70
23.	V тарау. Геологиялық барлау жұмыстарының жеке түрлерін жүргізгендегі қауіпсіздік техникасы	71
24.	<i>№ 17 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> Геологиялық суретке түсіру, іздеу және барлау жұмыстарындағы қауіпсіздік шаралары.	
25.	<i>№ 18 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> Гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық жұмыстардағы қауіпсіздік шаралары.	75
26.	<i>№ 19 Тақырып</i> Бұрғылау жұмыстарындағы қауіпсіздік шаралары.	78
27.	<i>№ 20 Тақырып:</i> Геофизикалық жұмыстардағы қауіпсіздік шаралары.	90
28.	<i>№ 21 Тақырып:</i> Тау-кен жұмыстарын жүргізгендегі қауіпсіздік шаралары.	97
29.	<i>№ 22 Тақырып:</i> Қопару жұмыстарындағы қауіпсіздік шаралары.	101
30	<i>№ 23 Тақырып:</i> Камералдық және зертханалық жұмыстардағы қауіпсіздік шаралары.	106
31.	<i>№ 24 Тақырып</i> Қоршаған ортаны қорғау.	107
32.	Әдебиеттер және оқыту құралдары.	109

Пәннің тақырыптық мазмұны

р/б №	Тараулар мен тақырыптардың атауы	Сағаттар саны	
		барлығы	Оның ішінде тәжірибе сабақтары
1.	Кіріспе.		
2.	I тарау Еңбекті қорғаудың жалпы мәселелері. <i>№ 1 Тақырып:</i> Еңбекті қорғаудың жалпы мәселелері.	2	
3.	<i>№ 2 Тақырып:</i> ҚР еңбек заңнамасының негіздері	1	
4.	<i>№ 3 Тақырып:</i> ГБЖ жүргізгенде еңбекті ұйымдастыру.	1	
5.	<i>№ 4 Тақырып:</i> Еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.	3	2
6.	II тарау Қауіпсіздік техникасы. <i>№ 5 Тақырып:</i> Жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін ұйымдастыру.	1	

7.	<i>№ 6 Тақырып:</i> Түрлі физикалық-географиялық жағдайларда жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы.	1	
8.	<i>№ 7 Тақырып:</i> : Көлік құралдары мен арнайы машиналарды пайдаланғандағы қауіпсіздік техникасы.	1	
9.	<i>№ 8 Тақырып:</i> Электрқондырғылары мен іштен жанатын қозғалтқыштарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы.	1	
10.	III тарау Өндірістік санитария <i>№ 9 Тақырып:</i> Далалық жұмыстардағы санитария мен тазалық.	1	
11.	<i>№ 10 Тақырып:</i> Өндірістік бөлмелерге қойылатын санитарлық-тазалық талаптары.	1	
12.	<i>№ 11 Тақырып:</i> Өндірістік орта факторларының адамға жағымсыз ықпалынан қорғау.	1	
13.	<i>№ 12 Тақырып:</i> Жұмысшылардың жеке қорғаныс құралдары.	3	2
14.	IV тарау. Өртке қарсы қорғаныс негіздері. <i>№ 13 Тақырып:</i> Жану және заттардың өрт қасиеттері.	1	
15.	<i>№ 14 Тақырып:</i> Өндірістік және қосалқы ғимараттардағы, далалық жұмыстарды жүргізудегі өртке қарсы қауіпсіздік шаралары.	1	
16.	<i>№ 15 Тақырып:</i> Өрт сөндіру құралдары.	3	2
17.	<i>№ 16 Тақырып:</i> Өрт қорғанысын ұйымдастыру.	1	
18.	V тарау. Геологиялық барлау жұмыстарының жеке түрлерін жүргізгендегі қауіпсіздік техникасы. <i>№ 17 Тақырып:</i> Геологиялық суретке түсіру, іздеу және барлау жұмыстарындағы қауіпсіздік шаралары.	4	2
19.	<i>№ 18 Тақырып:</i> Гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық жұмыстардағы қауіпсіздік шаралары.	2	
20.	<i>№ 19 Тақырып</i> Бұрғылау жұмыстарындағы қауіпсіздік шаралары.	2	
21.	<i>№ 20 Тақырып:</i> Геофизикалық жұмыстардағы қауіпсіздік шаралары.	2	
22.	<i>№ 21 Тақырып:</i> Тау-кен жұмыстарын жүргізгендегі қауіпсіздік шаралары.	4	
23.	<i>№ 22 Тақырып:</i> Қопару жұмыстарындағы қауіпсіздік шаралары.	2	

24.	<i>№ 23 Тақырып:</i> Камералдық және зертханалық жұмыстардағы қауіпсіздік шаралары.	2	
25.	<i>№ 24 Тақырып</i> Қоршаған ортаны қорғау.	1	
26.	Барлығы:	42	8

Сабақ № 1

1.1 Кіріспе. Еңбекті қорғаудың жалпы мәселелері

Еңбекті қорғау – еңбек үрдісінде адамның қауіпсіздігін, жұмысқа қабілеттілігі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, техникалық, гигиеналық, денсаулық сақтау шаралары мен құралдарының заңдық құжаттарының жүйесі.

ҚР еңбекті қорғау маңызды әлеуметтік мәнге ие, ол өндірісте еңбектің қауіпсіз әрі жағымды жағдайын қамтамасыз етеді. Еңбекті қорғау деңгейі еңбекті қорғау саласында инженерлі-техникалық жұмысшылардың біліктілігіне бағынышты болады.

«Еңбекті қорғау» түсінігіне үш негізгі аспект енеді:

Еңбек заңдылықтары – бұл өндірістегі еңбек қарым-қатынастарын, жұмыс күні мен демалыстың тәртібін анықтайтын құқықтық және ұйымдастырушылық іс- шаралары.

Өндірістік санитария – бұл жұмысшылардың денсаулығына зиянды өндірістік факторлардың алдын алатын ұйымдастырушылық, гигиеналық және санитарлы- техникалық іс- шаралар мен құралдардың жүйесі.

Қауіпсіздік техникасы – бұл жұмысшыларға қауіпті өндірістік факторлардың әсерінің алдын алуға бағытталған ұйымдастыру-техникалық іс-шараларының жүйесі.

Қауіпсіздік техникасының іс-шаралары – бұл еңбектің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, өндірістік жаракаттың алдын алатын жұмыс тәсілдері мен техникалық құралдардың кешені. Олар жұмыстың әртүрлі түрлерін орындаудың қауіпсіз тәсілдерін дайындауға, технологиялық үрдістерді жақсартуға, қауіпсіз техника мен технологияны енгізуге, қорғаныш қондырғыларын, белгі берудің автоматтық жүйелерін, жеке қорғану құралдарын пайдалануға бекітілген.

Соңғы уақыттарда кез-келген өндірісте, оның ішінде геологиялық барлау өндірісінде еңбектің эстетикалық жағдайына – жұмыс орындарын түстік рәсімдеуге, жұмыс орындарында функционалдық музыканың болуына, қолданылатын жабдықтың тиімді конструктивті элементтерінің болуына ерекше назар аударылады.

Еңбек жағдайы барлық өндірістік көрсеткіштер – еңбектің өнімділігі, жұмыстың сапасы, жұмысшылардың қауіпсіздігі үшін үлкен мәнге ие, олар адамның жұмыс жүргізу қабілетіне де шешуші әсер етеді.

Адамдардың өндірістегі еңбек қызметі «Адам – еңбек құралы – еңбек заттары - өндірістік орта» деген өндірістік жүйе шегінде жүзеге асады. Сондықтанда жұмыс жағдайы, оның қауіпсіздігі мен тиімділігі мұндай жүйенің барлық элементтері бір-бірімен қаншалықты байланыстылығына, қолайлылығына, қауіпсіздігіне бағынышты болады.

Еңбектің қауіпсіз әрі тиімді жағдайы мен авариясыз жұмыстарды қамтамасыз етудің маңызды мәселелеріне геологиялық барлау жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережелерін, өндірістік санитарияны, өрттің алдын алу мен тау кен қорғау ісін тереңінен біліп, қатал түрде орындау; жұмысшыларды арнайы дайындалған қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитария мен өрт қауіпсіздігінің нұсқауларына сай жұмыстың дұрыс және қауіпсіз тәсілдеріне үйрету.

Әлеуметтік даму жоспары – әлеуметтік – экономикалық үрдістерді басқару құралдарының бірі. Әлеуметтік даму жоспарының міндеті кәсіпорынның өндірістік бағдарламаларына сай және соның негізінде еңбек ұжымының әлеуметтік дамуын жоспарлы түрде бағыттап, еңбекшілердің материалды және рухани қажеттіліктерін қанағаттандырып, тұлғаның жан - жақты даму жағдайын қалыптастырудан тұрады. Әлеуметтік даму жоспары перспективті жоспар болып табылады.

Ұжымның әлеуметтік даму жоспарына мына бөлімдер енеді: техникалық прогресс, өндірісті дамыту мен жетілдіру, ұжымның әлеуметтік құрылымын жоспарлы түрде жетілдіру, оған әлеуметтік-демографиялық құрам мен біліктілікті-кәсіби құрылым, жұмыс жағдайын жақсарту, жұмысшылардың еңбегі мен денсаулығын қорғау, тұрғын үй және мәдени - тұрмыс жағдайларын жақсарту, еңбек тәртібін нығайту жатады.

Еңбекті қорғау саласындағы маңызды қозғалыстар ғылыми-техникалық прогреспен тығыз байланысты. Өндірісті кешенді механикаландыру мен автоматтандыру еңбекті жеңілдетіп, ауыр және шаршататын дене еңбегін жойып, жарақат алу еңбегін аурулардың алдын алып, өндіріс ортасының қолайлы жағдайын құрып, еңбек өнімділігін арттыру үшін қолданылады.

Геологиялық мекемелерде геологиялық барлау жұмысының барлық түрлерін жоғары дәрежеде механикаландыру мен еңбек жағдайын жеңілдетіп, жақсарту мақсатында өндірістің тұрақты технологиясының болуына ерекше назар аударады.

Қауіпсіздік техникасы мәселесімен жүйелі және кешенді түрде айналысу үшін кәсіпорын жетекшілері мен инженер-техник жұмысшылар нұсқауға сай ережелердің талаптарын тереңінен біліп, өздерінің қол астындағы жұмысшыларының осы талаптарды сақтауын қамтамасыз етуді орындай алулары керек.

Еңбек туралы заңдарда еңбекшілердің дұрыс және қауіпсіз еңбек жағдайына құқылы екендіктері көрсетілген, кәсіпорын әкімшілігі, ұйымдар мен мекемелер қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етулері керек. Әкімшілік жарақаттанудың алдын алатын техниканың қазіргі кезгі құралдарын енгізіп, жұмысшылар мен қызметкерлердің кәсіби ауруларының алдын алатын санитарлы-гигиеналық жағдайды қамтамасыз етуі тиіс. Өндірістік белгідегі нысандарды (жаңа немесе жөндеуден өткен) пайдалануға қосу дұрыс әрі қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз еткенде ғана рұқсат етіледі.

Егерде жауапты тұлғалар мен әкімшілік қауіпсіздік талаптарын бұзып, мұның салдарынан жұмысшы немесе қызметкер жарақат алса, кәсіпорын мен мекемелер материалды жауапкершілікке тартылады.

Еңбекті қорғау еңбектің дұрыс және қауіпсіз жағдайын қамтамасыз етудің шараларын жүзеге асыратын күрделі кешенді қамтиды. Ол еңбектің қауіпсіздік мәселелеріне, өндірістік санитария мен өрт қауіпсіздігіне және тау-кен қорғау ісіне күнделікті ерекше назар салуды талап етеді және ол кез-келген техникалық шешімнің ажырамас бөлігі болып табылады, сонымен қатар әрбір өкімде көрсетіледі.

Негізгі түсініктер.

1. Еңбекті қорғау дегеніміз не?

Еңбекті қорғау – бұл еңбек үрдісінде адамның жұмысқа қабілеттілігі мен денсаулығын сақтаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін заңдық құжаттардың, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, техникалық, гигиеналық, емдік-профилактикалық іс-шаралар мен құралдардың жүйесі. еңбекті қорғаудың өзгеде түсініктері бар.

Еңбекті қорғау – бұл еңбектің тиімділігі пен сапасын арттырып, жеңілдету мақсатында еңбектің қолайлы және қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ететін әдістер мен құралдарды жетілдіріп, зерттейтін ғылым болып табылады.

2. Еңбекті қорғаудың ерекшеліктері.

Біріншіден, еңбекті қорғау еңбек қызметінің объективті категориясы болып табылады, оның негіздері адамның биологиялық табиғатында қаланған. Екіншіден, еңбекті қорғау өзінің дамуында тура және тікелей табиғат заңдарымен байланысты және олар дамудың бастапқы сатысындағыдай санасыз, немесе қазіргі өндіріс жағдайындағыдай саналы түрде тәуелсіз пайдаланылуына қарамастан өзіне сай келетін заңдардың деңгейінде ғана шынайы дамиды. Үшіншіден, еңбекті қорғау өндіріс тәсілінен тыс дами алмайды.

Оның дамуы қоғамдық-экономикалық формациялардың заңдарына тікелей бағыныштылықта болады және ол бір қоғамдық құрылысты екіншісі алмастырған кезде де жойылмайды.

3. Еңбекті қорғау өндіріске қалай әсер етеді?

Біріншіден, еңбекті қорғау қағидаларын елемеушілік өндірістің тоқтап қалуының себебі болуы мүмкін, екіншіден, еңбекті қорғау өндірістің дамуының маңызды рычагы болуы мүмкін.

4. Ғылыми-техникалық прогресс пен еңбекті қорғаудың арасында өзара байланыс бар ма?

Өндіріс үрдістерін механикаландыру мен автоматтандыру адамды ауыр дене еңбегінен босатып, жұмысты интеллектуалдық мазмұнмен қанықтырады. Бірақта еңбек жағдайының өзгеруінің тез қарқыны кей жағдайларда жұмыс істеуші адамға физикалық, химиялық, биологиялық, психофизиологиялық сипаттағы жаңа, бұрын белгілі болмаған немесе аз зерттелген қауіпті әрі зиянды өндірістік факторлардың әсерінің уақытша күшеюіне әкеледі. Ғылыми-техникалық прогресстің мұндай қарама-қайшылықтары уақытша сипатта болып, мұнымен бір сәтте еңбекті қорғау мәселесінде күрделендіреді.

5. Еңбекті қорғау экономикалық түсінік бола ма?

Еңбекті қорғау еңбек үрдісінде еңбекшілердің энергиясының қауіпсіздігін және өндірістік шығындарын белгілеп, мақұлдайтындығына байланысты экономикалық түсінікте болып табылады.

6. Еңбек қауіпсіздігі дегеніміз не?

Жұмысшыларға тиетін қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсері жойылған еңбек жағдайы.

7. Қауіпсіздік техникасы дегеніміз не?

Қауіпсіздік техникасы – бұл жұмыс істеушілерге қауіпті өндірістік факторлардың әсерінің алдын алуға бағытталған техникалық құралдар мен ұйымдастыру шараларының жүйесі. Қауіпсіздік техникасы еңбекті қорғаудың құрама бөлігі болып табылады.

8. Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы ұғымдарының өзара байланысы бар ма?

Еңбекті қорғау түсінігін қауіпсіздік техникасы түсінігіне жақындату белгілі бір жағдайда еңбекті қорғаудың өндіріс үрдісінде адам туралы ғылым ретінде дамуын тежейді. Сондықтанда еңбекті қорғау түсінігін қауіпсіздік техникасы түсінігіне ұшғастыру қате болып саналады.

9. Еңбек жағдайы дегеніміз не?

Еңбек үрдісінде адамның денсаулығы мен жұмысқа қабілеттілігіне әсер ететін өндірістік орта факторларының жиынтығы.

Еңбек жағдайы мен еңбекті қорғау – бұл әртүрлі, бірақ бір-біріне қарама-қайшы келмейтін түсініктер. Еңбек жағдайы - бұл еңбек үрдісінде қалыптасатын объективті құбылыс.

10. Еңбекті қорғаудың басты міндеті не?

Еңбекті қорғаудың басты міндеті өндіріс үрдісінде қауіпті жою, ал жанама міндеттері – денсаулықты сақтау, еңбектің өнімділігін арттыру және т.б.

11. Еңбекті қорғаудың мақсатына қалай жетуге болады?

Барлық салада өндіріс пен еңбек үрдісінің өту жағдайларын басқару мәселесін шешу арқылы еңбекті қорғаудың мақсатына жетуге болады.

Еңбекті қорғау облысындағы стандартизация

Стандартизация – (ағылшынның мөлшер, үлгі, өлшем) көптеген ұғымдарды (бұйымдарды) типтік үлгілердің шамалы санына ұшғастыру.

Бүкіл дүние жүзінде өнеркәсіптік өндіріс пен тауар алмасудағы техникалық реттеудің маңызды құрамдас бөлігі стандарттар болып табылады.

Стандарт бұл өз еркімен көп рет пайдалану мақсатында өнімнің сипаттамасы, жобалау(іздігіруді қосқандағы) өндіру, құрлыс жүргізу, монтаждау, жолға қою, пайдлану, сақтау, тасмалдау, өткізу мен кәдеге жарату, жұмыстардын немесе қызмет көрсетулердің орындау үрдісінің сипаттамалары мен жүзеге асыру ережелері белгіленген құжат.

Стандарт - зерттеулер мен өлшеу ережелері және әдістерін, терминалогияға, нышандылыққа, буып- түйеге, белгілер салуға немесе оларды салудың ережелері мен заттаңбаларына қойылатын талаптарды қамтуы мүмкін.

Стандарттар өте маңызды роль атқарады. өндіріс қызметінің көп саласында стандарттар басқарудың негізгі нормативтік базасы болып табылады. ССБТ негізіне стандартизацияның мемлекеттік жүйесін құрудың басты қағидалары қойылған, олардың негізгілеріне директивтілік, кешенділік, стандарты енгізу мен сақтаудың жүйелілігі мен динамизімі жатады. ССБТ стандарттары деңгейі бойынша мемлекеттік, салалық және кәсіпорын стандарттары болып бөлінеді.

Стандарты белгілеудің құрылымы мынандай: стандарттың атауы, классы, топтардың кодi, стандарттың топтаудағы реттік номері мен тіркелген жылы.

Қазақстанда – техникалық реттеу және метралогиa жөнiндегi комитет.

Журнал Қазақстанда еңбектi қорғау. №12. 13 бет.

Бақылау сұрақтары:

1. Еңбектi қорғау дегенге жалпы түсiнiк берiңдер?
2. Еңбектi қорғау адам өмiрiне қандай әсер тигiзедi?
3. Стандарт дегенiмiз не және ол керек пе?
4. Еңбектi қорғаудың ерешелiктерi?
5. Еңбектi қорғаудың басты мiндетi не?
6. Өндiрiстiк санитарияға анықтама бер?
7. Еңбектi қорғаудың мақсатына қалай жетуге болады?
8. Қауiпсiздiк техникасы дегенiмiз не? ^J
9. Еңбектi қорғау өндiрiске қалай әсер етедi?
10. Еңбектi қорғау экономикалық түсiнiк бола ма?
11. Жұмысшының мiндеттерi қандай ?
12. Жұмыс берушiнiң мiндеттерiн атаңдар?

Сабaқ №3

ҚР еңбек заңнамасының негiздерi.

Қазақстан Республикасында еңбектi қорғау бойынша негiзгi заң актiлерi

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы N 251 Кодексi

Қазақстан Республикасы Парламентiнiң Жаршысы, 2007 ж., N 9, 65-құжат; "Егемен Қазақстан" 2007 жылғы 22 мамыр N 132-135 (24710)

Осы Кодекс азаматтардың Қазақстан Республикасындағы еңбек бостандығына конституциялық құқығын iске асыру процесiнде туындайтын еңбек қатынастарын реттейдi.

Қызметкерлердiң негiзгi құқықтары мен мiндеттерi

Қызметкердiң :

- 1) жұмыс берушiмен осы Заңда белгiленген тәртiппен жеке еңбек шартын жасасуға, өзгертуге және бұзуға;
- 2) тең еңбегi үшiн қандай да болсын кемсiтусiз тең ақы алуға;
- 3) қауiпсiздiк пен гигиена талаптарына сай келетiн еңбек жағдайларына;
- 4) егер басқа заң актiлерiнде өзгеше көзделмесе, кәсiптiк одақтарға немесе басқа да қоғамдық бiрлестiктерге өз еркiмен мүше болуға;
- 5) демалысқа;
- 6) өзiнiң еңбек мiндеттерiн атқаруына байланысты денсаулығына немесе мүлкiне келтiрiлген зиянды өтеттiруге;
- 7) кепiлдiктер мен өтемақылар алуға;
- 8) еңбек дауларын тараптардың келiсуiмен немесе сот тәртiбiмен шешуге;
- 9) жұмыс берушiден жеке еңбек шартында тараптың атынан өкiлдiк ететiн лауазымды адамның

өкілеттігін растауды талап етуге;

10) ұжымдық шартпен және жұмыс берушінің актілерімен танысуға;

11) өзінің кәсіби біліктілігін арттыруға құқығы бар.

2. Қызметкер:

1) жеке еңбек, ұжымдық шарттарда және жұмыс берушінің актілерінде жазылған еңбек міндеттерін адал орындауға;

2) еңбек тәртібін сақтауға;

3) жұмыс процесінде жұмыс берушіге мүліктік зиян келтіруге жол бермеуге;

4) еңбек қорғау, өрт қауіпсіздігі және өндірістік санитария жөніндегі ережелердің талаптарын орындауға; (Z040528 (Z040528 16), 19) тармақшалар; V990866 (2-тарау 7) тармақшаны қараңыз)

5) жеке еңбек шартына сәйкес өзіне сеніп тапсырылған, қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге; (K990409 қараңыз)

6) адамдардың өмірі мен денсаулығына, жұмыс беруші мен қызметкерлер мүлкінің сақталуына қатер төндіретін ахуал туындағаны туралы хабарлауға;

7) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың көшірмесін ұсынуға;

8) зейнетақы жинақтарын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына аударған кезде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жинақтаушы зейнетақы қорымен шарт жасасқаны жөнінде жұмыс берушіні хабардар етуге;

9) денсаулық жағдайының нашарлауына байланысты жағдайлардан басқа, оның еңбекке жарамсыздығы анықталған жағдайда бұл туралы жұмыс берушіні оның еңбекке жарамсыздығы анықталған сәттен бастап бір тәуліктен кешіктірмей хабардар етуге міндетті.

Жұмыс берушінің негізгі құқықтары мен міндеттері

1. Жұмыс берушінің:

1) Осы Заңда белгіленген тәртіппен қызметкерлермен жеке еңбек және ұжымдық шарттарды жасасуға, өзгертуге және бұзуға;

2) жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерден осы Заңда көзделген, белгілі бір еңбек қызметімен айналысуға және (немесе) белгілі бір қызметті атқаруға мүмкіндігін растайтын құжаттар беруді талап етуге;

3) өз өкілеттігі шегінде жұмыс берушінің актілерін шығаруға.

Еңбек жағдайларының өзгеруіне байланысты актілерді қабылдау қызметкерлер өкілдерінің келісімімен ғана жүзеге асырылады;

4) қызметкерлерді көтермелеуге, оларды осы Заңда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тартуға;

5) өзіне қызметкер келтірген зиянды өтеттіруге;

6) алып тасталды

7) өз құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау мақсатында жұмыс берушілер бірлестіктерін құруға және оларға кіруге;

8) қызметкерге сынақ мерзімін белгілеуге;

9) егер жеке еңбек шартының талаптарында жазылған болса, қызметкерді оқытып-үйретуге байланысты өз шығындарының орнын толтыруға құқығы бар.

2. Жұмыс беруші:

1) қызметкерлерді Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасына, жеке еңбек, ұжымдық шарттарға сәйкес еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге;

- 2) қызметкерлер өкілдерінің ұсынысын қарауға, келіссөздер жүргізуге және ұжымдық шарт жасасуға;
- 3) қызметкерлерді өз қаражаты есебінен өздерінің еңбек міндеттерін орындауы үшін қажетті құралдармен және материалдармен қамтамасыз етуге;
- 4) қызметкерді жұмысқа қабылдаған кезде онымен жеке еңбек шартын жасасуға, қызметкерді ұжымдық шартпен және жұмыс берушінің актілерімен таныстыруға;
- 5) жалақыны және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, жеке еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде көзделген өзге де төлемдерді уақтылы және толық көлемінде төлеп тұруға;
- 6) қызметкерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беруге;
- 7) Қазақстан Республикасының еңбек туралы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнамасының, жеке еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарын сақтауға; Z040528 V990866 2-тарау 4)-6) тармақшаларды қараңыз
- 8) қызметкердің еңбек міндеттерін атқаруы кезінде оның денсаулығы мен өміріне зиян келтіргені үшін жауапкершілікті сақтандыруға; K990409 809-бап 811-бап Z040580
- 9) қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеуге; K941000 K990409 параграф 2 параграф 4 K010155
- 10) қызметкерлердің еңбек қызметін растайтын құжаттардың және оларды зейнетақымен қамсыздандыруға арналған ақшаның ұсталуы мен аударылуы туралы мәліметтердің сақталуын және мемлекеттік мұрағатқа өткізілуін қамтамасыз етуге;
- 11) егер жұмысты жалғастыру қызметкердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірсе, оны тоқтата тұруға;
- 12) қызметкерге зиянды (өте зиянды) және қауіпті (өте қауіпті) еңбек жағдайлары мен кәсіптік аурудың ықтималдығы туралы ескертуге;
- 13) жұмыс орындары мен технологиялық процестерде қатердің алдын алу жөнінде шаралар қолдануға, өндірістік және ғылыми-техникалық прогресті ескере отырып, профилактикалық жұмыстарды жүргізуге;
- 14) қызметкерден міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың көшірмесін талап етуге; (Z970136 (1-бап 17) тармақша; V032345
- 15) жұмыс уақытының, соның ішінде жұмыс уақытынан тыс істеген жұмыс, әрбір қызметкердің зиянды (өте зиянды), қауіпті (өте қауіпті) еңбек жағдайларында, ауыр дене еңбегімен айналысқан жұмыс уақытының нақты есебін жүргізуге;
- 16) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен профилактикалық, алдын ала және міндетті медициналық тексерулерден өткізілуге тиіс адамдардың осындай тексерулерден уақтылы өткізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.23. N 20, 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

«ҚР еңбек туралы Заңына» сай барлық мекемелер мен кәсіпорындарда салалық министрліктер бекіткен қауіпсіздік ережелері мен өндірістік санитария нормалары қолданылады, олардың қатарына ҚР геологиялық барлау саласының барлық кәсіпорындарына міндетті болып табылатын «геологиялық барлау жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік ережелері» де жатады. Өз кезегінде геологиялық барлау ұйымдары көрсетілген ережемен қатар жұмыстың жеке түрлерін атқару кезінде өзге де ережелерді, нормалар мен нұсқауларды жетекшілікке ала алады.

Еңбек заңының, қауіпсіздік ережелері мен нормаларының, санитария нормаларының сақталуын бақылауды мемлекет, қоғамдық және шаруашылық ішіндегі органдар жүзеге асырады. «Еңбекті қорғау туралы заңның» сақталуын жоғары мемлекеттік бақылауды ҚР бас прокуроры мен оған бағынышты прокурорлар жүзеге асырады. ҚТ мен ӨС ережелерінің орындалуын күнделікті мемлекеттік бақылауды техникалық инспекциялары арқылы кәсіподақ органдары жүргізеді. Тау – кен бұрғылау және өзге геологиялық барлау жұмыстарында ҚТ сақтауды мемлекеттік бақылау тау-кен бақылаудың арнайы органдары ҚР МЕМТАУТЕХ бақылауымен жүзеге асады. Санитарлы-гигиеналық ережелер мен нормалардың сақталуын бақылауды мемлекеттік санитарлы инспекция ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жүзеге асырады.

Азаматтардың еңбек құқықын қорғаудың құралдарының бірі осы құқықты бұзғаны үшін тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық және материалды жауапкершіліктерін бекіту болып табылады. ҚТ ережелері мен нормаларының бұзылуына кінәлі лауазымды тұлғалар мен инженер-техник жұмысшылар жауапкершілікке тартылады.

Тәртіптік жауапкершілік әкімшілік жүктейтін тәртіптік жаза белгілеумен көрсетіледі. Тәртіптік жауапкершілікке тарту инициативасы әкімшілікке, бақылау органдарына жатады.

Жұмысшылар мен қызметкерлер ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне сай тәртіптік жауапкершілікке тартудың мынандай түрлері бар: сөгіс; қатаң сөгіс; үш айлық мерзімге дейін өз мамандығы бойынша еңбекақысы төмен жұмысқа ауыстыру немесе мамандығы бойынша дәрежесі төмен жұмысқа ауыстыру; жұмыстан босату. Тәртіптік жауапкершілікке тарту қателік жасалған уақыттан кейінгі бір айдың ішінде және алты ай уақыт өтпеген жағдайда жүргізіледі. Тәртіптік жауапкершілікке тартылғанға дейін жауапкершілікке тартылатын адамнан жазбаша түсініктеме талап етілуі қажет. Жауапқа тартылған адам екі аптаның ішінде өз ісін қайта қарауға беруге құқылы.

Егерде жауапқа тартылғаннан кейін жұмысшы бір жылдың ішінде жаңа жауапкершілікке тартылмаса, онда ол тәртіптік жауапкершілікке тартылмаған деп есептелінеді.

Әкімшілік жауапкершілік комиссияға немесе мемлекеттік бақылау өкілдеріне, ҚТ бұзғаны үшін кәнілі болғандарға, лауазымды тұлғаларға айыппұл салуымен көрінеді.

Айыппұл салу құқына техникалық инспекторлар, кәсіподақтардың құқық инспекциясы, Мемтаутех бақылау органдары, Мемлекеттік санитариялық бақылау, Мемэнергобақылау, Мемлекеттік өртті бақылау ұйымдары ие болады.

ЕҚ ережелері мен нормаларын қылмыстық бұзу қылмыстық жауапкершілікке әкеледі. ЕҚ ережелері мен нормаларын бұзғандығы үшін лауазымды тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселесімен прокуратура органдары айналысады. Қылмыстық жауапкершілікке айыппұл салу, сот шешімі бойынша 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру, бас бостандығынан айырмай түзету жұмыстарына жіберу, атқарып отырған қызметінен босату жатады. ҚТ ережелерін сақтамай, бұл адамдарды сәтсіз жағдайларға душар ететін болса лауазымды тұлғалар қылмыстық жауапкершілікке тартылады. ЕҚ ережелері мен нормаларын бұзғаны үшін лауазымды тұлға материалды жауапкершілікке тартылып, кәсіпорын зардап шеккен адамға төлеген соммасын жартылай немесе толығымен лауазымды тұлғадан қайтарып алады.

Егерде лауазымды тұлға заңсыз түрде жұмыстан босатса немесе жұмысшының жұмыс орынын ауыстырса, онда ол кәсіпорынға немесе мекемеге келген зиянды төлеуге міндетті, бірақ бұл лауазымды тұлғаның үш айлық еңбекақысынан жоғары болмауы керек.

Сәтсіз жағдайлардың немесе кәсіби аурулардың нәтижесінде денсаулығына нұқсан келген жұмысшылар мен қызметкерлер өзінің уақытша жұмысқа қабілетсіз кезеңінде денсаулығы қалпына келгенге дейін толық еңбекақысының көлемінде мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру бойынша жәрдемақы алады.

Мүгедектерге жоғалтқан еңбекақысының орнына зейнетақы тағайындалады, ол ережеге сай жұмысшының бұрынғы еңбекақысын толығымен жаппайды, сондықтанда кәсіпорын, мекеме мен ұйым арнайы заңға сай зардап шеккен адамға бұрынғы еңбекақысының көлемінде үстеме ақша төлейді.

1. Еңбек заңдары.

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

еңбек - адамдардың өмірі үшін қажетті материалдық, рухани және басқа да құндылықтар жасауға бағытталған адам қызметі;

еңбек қатынастары - тараптардың әдетте жеке еңбек және ұжымдық шарттар негізінде белгілі бір еңбек қызметін жүзеге асыруы жөнінде туындайтын жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы қатынастар;

жұмыс берушінің актілері - жұмыс берушінің (жұмыс берушілер өкілінің) шығаратын актілері (бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтар, ішкі еңбек тәртібінің ережелері);

жеке еңбек шарты - қызметкер мен жұмыс берушінің арасында жазбаша нысанда жасалатын екіжақты келісім, ол бойынша қызметкер жұмыс берушінің актісін атқара отырып, белгілі бір мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты орындауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші қызметкерге жалақысын және заңдар мен тараптардың келісімінде көзделген өзге де ақшалай төлемдерді уақытында және толық көлемінде төлеуге, еңбек туралы заңдар мен ұжымдық шартта көзделген еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндеттенеді;

зиянды (өте зиянды) еңбек жағдайлары - белгілі бір өндіріс факторларының әсер етуі қызметкердің жұмыс қабілеті төмендеуіне немесе ауыруына, не оның ұрпақтарының денсаулығына теріс ықпал етуіне әкеп соғатын еңбек жағдайлары;

қауіпті (өте қауіпті) еңбек жағдайлары - белгілі бір өндіріс факторларының әсер етуі еңбекті қорғау ережелері сақталмаған жағдайда қызметкер денсаулығының кенеттен күрт нашарлауына немесе жарақаттануына, не оның қайтыс болуына әкеп соғатын еңбек жағдайлары;

ауыр дене жұмыстары - қызметкердің ауыр заттарды қолмен көтеруге немесе орнын ауыстыруға байланысты қызметтерінің түрлері не 300 ккал/сағаттан астам күш-қуат жұмсайтын басқа да жұмыстар;

демалыс уақыты - қызметкердің еңбек міндеттерін орындаудан бос және оны өз қалауы бойынша пайдалана алатын уақыты;

жалақы - еңбек үшін оның күрделілігіне, саны мен сапасына сәйкес төленетін сыйақы (табыс);

біліктілік разряды - қызметкердің өзі орындайтын жұмыстарының күрделілігін көрсететін біліктілік деңгейі;

ұжымдық шарт - еңбек және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді реттеу үшін бір немесе бірнеше жұмыс беруші (олардың өкілдері) мен қызметкерлердің бір немесе бірнеше өкілдері арасында жазбаша шарт нысанында жасалған құқықтық акт;

іссапар - жұмыс берушінің өкімі бойынша қызметкерді тұрақты жұмыс орнынан тыс жерге еңбек міндеттерін орындау үшін жіберу;

өтемақылар - жұмыс режимі мен еңбек жағдайларына, жұмысты орындаған кездегі қызметкерлердің шеккен шығындарының орнын толтыруға байланысты ақшалай төлемдер;

ең төмен жалақы мөлшері - меншік нысанына қарамастан, ұйымдарда жалданып жұмыс істейтін адамдарға ақшалай төлемдердің Қазақстан Республикасының Конституциясы кепілдік берген ең төмен мөлшері;

жазбаша ескерту (хабарлама) - қызметкердің немесе жұмыс берушінің қол қойылған және тіркелген өтініші не өзге де әдіспен (хабарлама арқылы тапсырысты хатпен, факспен, электронды поштамен, жеделхатпен) берілген өтініші;

жұмыс берушілердің өкілдері - құрылтай құжаттарының негізінде жұмыс берушінің немесе жұмыс берушілер тобының мүдделерін білдіруге уәкілетті жеке немесе заңды тұлғалар;

қызметкерлердің өкілдері - кәсіптік одақтардың, олардың бірлестіктерінің органдары және (немесе) қызметкерлер уәкілеттік берген, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылған өзге де тұлғалар мен ұйымдар;

қызметкер - жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және жеке еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

жұмыс беруші - қызметкер еңбек қатынастарында тұратын заңды немесе жеке тұлға;

жұмыс уақыты - қызметкер жұмыс берушінің актілері мен жеке еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындайтын уақыт;

еңбек міндеттері - қызметкер мен жұмыс берушінің жеке еңбек және ұжымдық шарттармен байланысты міндеттемелері;

еңбек стажы - қызметкердің заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік және өзге де қызметпен айналысушы қызметкер немесе жеке адам ретінде еңбек міндеттерін жүзеге асыруға жұмсаған күнтізбемен

есептелген уақыты;

еңбек дауы - еңбек туралы заңдардың қолданылу мәселелері бойынша бұрын қызметкер (қызметкердің өкілі) мен жұмыс беруші (жұмыс берушінің өкілі) арасында реттелмеген жеке еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарын орындау туралы қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы келіспеушілік;

еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган - еңбек қатынастары саласында өз өкілеттігін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

еңбек жағдайлары - еңбекке ақы төлеу, оны қорғау мен нормалау жағдайы, жұмыс режимі, мамандықтарды (қызметтерді) қоса атқару мүмкіндігі мен тәртібі, техникалық, санитариялық, гигиеналық, өндірістік-тұрмыстық жағдайлар, сондай-ақ жеке еңбек және ұжымдық шарттар тараптарының келісімі бойынша өзге де жағдайлар;

еңбек туралы заңнаманың сақталуын тексеру (бұдан әрі - тексеру) - еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган немесе оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асыратын жұмыс берушінің немесе қызметкердің Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасын орындауын тексеру.

Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.23. N 20,

Бақылау сұрақтары:

1. Еңбек шарттары дегеніміз не?
2. Жұмыс уақыты?
3. Кәсіптік жасқа толмағандардың еңбегін қорғау туралы мәліметтерді айт?
4. Өндірістік жабдықтарға нелер жатады?
5. Қауіпсіздік нормаларын ата?
6. Жалпы демалыс дегеніміз не?
7. Айлық жалақының ең төмен мөлшері?
8. Ұжымдық қорғаныс құралдары қандай?
9. Жүкті әйелдердің жұмыс уақыты қандай?
10. Еңбек қауіпсіздігінің шарттарын атаңдар?

Сабақ №3

ГБЖ жүргізгенде еңбекті ұйымдастыру

Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы. ГБЖ жобалау

ГБЖ ҚТ бойынша жобаларды дайындау тәртібі мен бекіту, олардың мазмұны ҚР геология Министрлігімен бекітілген.

ҚТ бойынша бөлім «ГБЖ кезіндегі қауіпсіздік ережелеріне» және ҚР геология Министрлігінің ұйымдары үшін міндетті болып табылатын ҚТ бойынша өзге директивті және нормативті құжаттарға сай жасалады. Бөлім еңбекті қорғауға, қауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитарияның барлық жобаланған жұмыстарына арналған. Онда сонымен қатар өртке қарсы іс-шаралар, дәрігерлік қызмет көрсету, қауіпсіздік техникасының қызметін ұйымдастыру, жұмысшыларға ҚТ бойынша нұсқау мен дәріс беру де енеді.

Бөлімді құрастыру кезінде экспедицияның жұмыс ауданы жобаланған нақты жағдайлар есепке алынады, сонымен қатар бедер пішінінің ерекшелігі, гидрографикалық желі және оның сипаттамалары есепке алынады.

Нормаларға сай бөлімде жобаланған жұмыстың қауіпсіздігін арттыратын ҚТ мен еңбекті қорғаудың қажетті құралдары мен механизмдері, құрылғылары мен аспаптары анықталады.

Өртке қарсы іс-шаралар қарастырылуы керек:

- өндірістік, санитарлы-тұрмыстық, тұрғылықты және өзге нысандардың өртке қарсы жабдықтармен жабдықталуы;

- өртті суқоймалар мен сарайлардың құрылғылары мен жабыдқталуы; еркін өртке қарсы одақты ұйымдастырып, оқыту;

Дәрігерлік-санитарлық іс-шаралар кешеніне дәрігерлік тексерулер, сақтандырғыш екпелер, дала жұмыстары кезіндегі дәрігерлік қызмет көрсету, қан сорғыш жәндіктермен және улы жануарлармен күреске арналған шаралар енеді.

Геологиялық ұйым жұмысшыларының еңбек жағдайы санитарлық нормалар мен қауіпсіздік техникасының талаптарын қанағаттандыруы қажет. Сондықтанда ГБЖ кезіндегі қауіпсіздік ережелері мен нормаларын қамтамасыз ету үшін жұмысшылардың еңбегін ұйымдастыруға арналған іс-шаралардың күрделі кешенін талап етеді.

Еңбекті ұйымдастыруға мыналар жатады:

- өндіріс үрдісінде адамдарды орналастыру;

- жұмыс орындарын ұйымдастырып, оларды механизмдердің қажетті кешенімен жабдықтау;

- еңбектің әдістері мен тәсілдері және жеке жұмысшылардың арасында еңбекті бөлу;

Қазіргі кезде еңбекті ғылыми ұйымдастыру кеңінен таралған, оның мақсаты ғылым мен техниканың жетістіктерінің негізінде еңбекшілердің денсаулығын сақтай отырып, материалды және еңбек шығындарын аз шығара отырып, еңбек өнімділігінің жоғары дәрежеге көтерілуіне қол жеткізу.

Геологиялық ұйымдарда геологиялық барлау жұмыстарының барлық түрлерін максималды механикаландыруға, еңбек жағдайын жеңілдетіп, жақсарту мақсатында өндірістің технологиясын жетілдіруге үлкен назар аударылады.

Еңбектің өндіріс жағдайлары деп еңбек үрдісінде адамның денсаулығы мен жұмысқа қабілеттілігіне әсер ететін өндіріс ортасының факторларының жиынтығын айтады.

Еңбектің қауіпсіз жағдайы кәсіби аурулар мен өндірістік жарақаттарсыз жұмыстарға кепілдік беретін, жұмысшыларды қауіпті өндірістік факторлардан қорғайтын құралдармен жабдықталған жұмыс орындары бар кешендермен сипатталады.

Еңбектің техникалық жағдайы деп қолданылатын технологияның жетілгендігі, механикалану дәрежесі сияқты еңбек құралдарының техникалық деңгейімен сипатталатын жағдайды айтады.

Еңбектің санитарлы- гигиеналық жағдайлары өндіріс ортасының жарықтандыру деңгейі, микроклиматтық жағдайлар, әуе кеңістігінің шаңданып, газдануы, шу мен діріл деңгейі, иондаушы сәулелердің болуы сияқты көрсеткіштермен сипатталады.

Еңбектің жалпы жағдайы деп өндірістік және қосалқы ғимараттардың – бұрғылау орындарының, компрессорлы қондырғылардың, үгіткіш және зертханалы ғимараттардың жағдайы мен жұмыс орындарын ұйымдастыру және жарықтандыру, жұмысшыларды арнайы киімдермен, аяқ киімдермен және емдік-профилактикалық тамақтармен қамтамасыз ету.

Ішкі еңбек тәртібінің ережелері. Ішкі еңбек тәртібінің ережелері - өндіріс үрдісіне қатысушылардың өзара еңбегін реттеуші негізгі нормативтік акт. Оның мақсаты – еңбек тәртібін бекітіп, еңбектің қауіпсіз жағдайы мен дұрыс ұйымдастырылуын сақтау, жұмыс уақытыны толық және тиімді пайдалану, еңбектің өнімділігі мен сапасы жоғары өнімдерді шығаруды арттыру.

Қолданымдағы заңдық құжаттар ішкі еңбек тәртібі ережелерінің үш түрін қарастырады – типтік, салалық, жергілікті.

Ішкі еңбек тәртібінің типтік ережелері бекітілген. Оның негізінде министрлік пен ведомства халық шаруашылығының белгілі саласының ерекшеліктеріне ұқсас салалық ережелерді дайындайды, ал кәсіпорын мен мекеме әкімшілігі кәсіподақ комитетімен келісе отырып, кәсіпорынның жұмыс жағдайына сай жергілікті ішкі тәртіп ережесін шығарады.

Техникалық және өндірістік эстетика және оның еңбек жағдайына әсері

Соңғы кездерде еңбекті ұйымдастыруда кез келген салада, соның ішінде геологиялық барлау саласында еңбектің эстетикалық жағдайына көп назар аударылуда.

Өндірістік эстетика техникалық эстетиканың бөлімі, еңбек өнімділігін арттырып, еңбек энергиясын көтеру үшін эмоционалды ынталандыру мақсатында өндірістік жағдайда өндіріс ортасының адамға эстетикалық, эмоционалды әсер ету тәсілдерін дайындайды.

Өндірістік эстетиканың негізгі ережелері – түсті ғимараттар мен жабдықтарды тиімді көркемдік факторы ретінде пайдалану; кәсіпорынның аймағын көгалдандыру; тірі табиғат бұрышын жасап, өндірісті музыка арқылы жүргізуді ұйымдастыру.

ГБЖ өндірісі кезіндегі жұмыс пен демалыс тәртібі.

Жұмыс уақыты.

Жұмыс уақыты – жұмысшылар мен қызметкерлер кәсіпорында немесе мекемеде жұмыс істеуге міндетті заңмен немесе оған сай арнайы құжаттармен бекітілген бір күндегі, аптадағы немесе күнтізбелік кезеңдегі жұмыс сағатының қажетті мөлшері. Жұмысшылар мен қызметкерлердің кәсіпорындағы, мекемедегі, ұйымдардағы жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 414 сағаттан аспауы керек. Заңға сай 16 дан 18 жасқа дейінгі азаматтардың жұмыс уақыты аптасына 36 сағат, ал 15 пен 16 жастағылардікі аптасына 24 сағат, зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін адамдардың жұмыс уақыты аптасына 36 сағат болуы тиіс.

Жұмыс уақытын құқықтық реттеу жұмысшылар мен қызметкерлердің жұмыс жағдайын жасап, қорғаумен қатар жұмыс уақытын толық және өндірістік пайдалану мен оны үнемдеуді қамтамасыз етеді.

Демалыс уақыты.

Демалыс уақыты - жұмысшының жұмыс уақытынан тыс кездері. Демалыс уақытының жалпы ұзақтығына: жұмыс кезіндегі үзіліс (түскі ас кезі, жыл сайынға демалыс), демалыс күндері, мерекелік күндер, жыл сайынғы демалыстар енеді.

Далалық ГБЖ кезінде әйелдер мен кәмелеттік жасқа толмаған балалардың еңбегін қорғаудың ерекшеліктері.

Әйелдердің еңбегін қорғау. әйелдердің ағзасының физиологиялық ерекшеліктерін, аналық пен балалықты қорғауды, отбасындағы әйелдің ролін есепке ала отырып, еңбек туралы заңдық құжаттар әйелдердің еңбегін қорғау туралы арнайы кепілдіктерді бекітеді. әйелдердің еңбегін ауыр және зиянды жұмыстарда, жерасты жұмыстарында (тек жерастында санитарлы және тұрмыстық қызмет көрсетуде ғана пайдаланылады) пайдалануға тыйым салынады. Еңбек туралы заңдар әйелдерге бекітілген мөлшерден артық ауыр заттарды көтеріп, қозғалтуға тыйым салады:

өзге жұмыстармен алмасқан кезде 15 кг жүктерді көтеріп, қозғалту;

биіктігі 1,5 м, салмағы 10 кг жүктерді көтеру;

жұмыс ауысымы кезінде үнемі 10 кг жүктерді көтеріп, қозғалтуға болады.

Әйелдерге құм, астық, жеміс-жидек т.б. дүниелерде аз мөлшерде көтеруге рұқсат етіледі.

Әйелдерді түнгі уақытта жұмысқа тартуға тыйым салынады, тек халық шаруашылығының кейбір салаларында ғана уақытша жұмысқа шақыруға жол берілген.

Жүкті әйелдерді, омырауда баласы бар аналарды, бір жасқа дейінгі баласы бар әйелдерді демалыс күндері жұмысқа тартып, іс сапарға жіберуге тыйым салынады.

Еңбек туралы заңдар жүкті әйелдерді жүктілік кезінде бұрынғы жұмысының орташа еңбек ақысын сақтай отырып одан жеңіл жұмысқа ауыстыруды қарастырады.

Әйелдерге жүктілік кезінде босанғанға дейін 56 (8 апта) күнтізбелік күн және босанғаннан кейін 56 күнтізбелік күн демалыс беріліп, бұл уақыттарға мемлекеттік әлеуметтік қорғаудан жәрдемақы төленеді.

Омырауда баласы бар және 1 жасқа толмаған балалары бар аналарға демалу мен тамақтануға берілген жалпы уақыттан тыс баласын тамақтандыру үшін қосымша үзіліс беріледі. Бұл үзілістің арасы 3 сағат, ұзақтығы 30 минуттан аспауы керек.

Жүктілігін немесе омырауда баласы барын сылтау етіп, әйелдерді жұмысқа алмай қоюға немесе еңбекақысын төмендетуге тыйым салынады.

Кәмелеттік жасқа толмағандардың еңбегін қорғау.

Кәмелеттік жасқа толмағандар деп 18 жасқа толмаған адамдарды айтады. Жасы 16-ға толмаған адамдарды жұмысқа алуға тыйым салынады.

Жастардың еңбек құқығын жедел жүзеге асыру мақсатында кәсіпорындар мен ұйымдарда кәсіпорын жұмысшылары мен қызметкерлерінің жалпы санының 0,5-тен 10%-ке дейінгі орыны жасөспірімдерге сақталып, беріледі.

Ауыр және зиянды жағдайлардағы жұмыстарда 18-ге толмаған адамдардың еңбегін пайдалануға тыйым салынады.

18 жасқа толмаған адамдар медициналық тексеруден толық өткеннен кейін ғана жұмысқа қабылданады.

18 жасқа толмаған жастарды түнгі және мөлшерден артық жұмыстарға тартып, демалыс күндері жұмыс істетуге тыйым салынады.

18 жасқа дейінгі жасөспірімдер салмағы 4,1 кг артық ауырлықтағы заттарды тасып, қозғалтатын жұмыстарды атқармауы керек. Жасөспірімдерге жұмыс уақытының үштен бірін ғана алатын жағдайда ауыр заттарды көтеріп, қозғалтуға рұқсат беріледі.

16-18 жасқа дейінгі ұлдарға ауырлығы 16,4 кг заттарды, ал қыздарға 10,25 кг заттарды көтеріп, тасымалдауға рұқсат етіледі, 15-16 жастағы адамдар үшін бұл мөлшер екі есе қысқарады.

Жасөспірімдердің жұмыс күні де қысқартылады: 15-16 жастағыларға – 4 сағат; 16-18 жастағылардың жұмыс күні 6 сағат. Жасөспірімдерге жаздың күндері немесе өз қалауы бойынша жылдың кез-келген уақытында жылсайынға демалыс беріледі.

Қысқартылған жұмыс күні бойынша еңбек ететін жасы 18-ге дейінгі жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбекақысы санаты бір жұмыс күні толық қызметкерлер мен жұмысшылардың еңбекақысымен бірдей мөлшерде төленеді.

Еңбекті қорғаудың шараларын жоспарлап, қаржыландыру.

Еңбекті қорғаудың шараларын жоспарлап, қаржыландыру – кәсіпорын шаруашылық жылдың басында құрастыратын өнеркәсіптік-қаржылық жоспардың ажырамас бөлігі. Еңбекті қорғаудың құралдары қатаң мақсаттық сипатқа ие болып, еңбекті қорғау келісімінде жоспарланған еңбекті қорғауға арналған іс-шараларды жүргізу үшін ақша қорының шығындары мен техникалық қорлар мен материалдар арқылы анықталады. Жоғарыдағы органдар еңбекті қорғаудың іс-шараларының шығындарын есепке алмайынша кәсіпорынның қаржылық жоспарларын бекітпейді.

Бақылау сурақтары:

1. Еңбекті ұйымдастыруға нелер жатады?
2. Еңбек жағдайы нешеге бөлінеді?
3. Еңбектің өндірістік жағдайы дегеніміз не?
4. Еңбектің жалпы жағдайына анықтама бер?
5. Ішкі еңбек тәртібінің ережелері?
6. Өндірістік эстетиканың негізгі ережелері?
7. Жұмысшы неге құқылы?
8. Жұмыс беруші неге құқылы?
9. Жұмысшы неге міндеті?

Сабақ № 3

ГБЖ қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру.

Геологиялық барлау жұмыстарымен байланысты барлық жұмыстар жұмысты жобалау кезінде қарастырылуы қажет.

Жобаны құрастыру кезінде міндетті түрде барлық жұмысты орындаудың қауіпсіздік техникасы бойынша арнайы бөлімдер қарастырылуы қажет. Бұл жұмыстарды орындау кезінде жабдықтар мен құрал-саймандарға арналған ТҚ бойынша арнайы іс-шаралар қарастырылуы қажет.

Өндірісте жаракаттың алдын алатын негізгі техникалық құралдар. Еңбектің қауіпсіз тәсілдеріне үйрету. ҚТ арналған нұсқау.

Қайта қабылданған, сонымен қатар бір жұмыстан екіншісіне ауыстырылған кәсіби дайындықтан өткен барлық жұмысшылар және іс-тәжірибеден өтуге келген оқушылар мен студенттер ҚТ нұсқауларымен таныстырылулары қажет. Нұсқауды өткізудің уақыты мен сипатына байланысты жұмысшыларды кіріспе, жұмыс орнындағы алғашқылар, қайталама, жоспардан тыс және ағымды деп бөледі.

ГБЖ жүргізуде қауіпсіздікті ұйымдастыруға қойылатын талаптар..

Геологиялық барлау жұмысының кез-келген түрінің өндірісінің жобасында қауіпсіздік техникасының арнайы бөлімдері қарастырылған. Жобаларды дайындап, бекіту тәртібі, олардың мазмұны геология министрлігімен бекітілген. Геологиялық партиялардың инженер-техник жұмысшыларымен дайындалған жобалар бастапқыда экспедицияның ғылыми-техникалық кеңесімен, кейіннен өндірістік геологиялық бірлестікпен қарастырылады.

Бірлестіктің ғылыми-техникалық кеңесімен келісілгеннен кейін жоба экспедицияның немесе геологиялық бірлестіктің жетекшісімен немесе бас инженерімен бекітіледі. Ірі кенорындарды барлаудың жобалары одақтас республикалардың геология министрлігінің жетекшілігімен бекітіледі.

Қауіпсіздік техникасының бөлімі «Геологиялық барлау жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік ережелеріне» және геология министрлігін ұйымдастыру үшін міндетті болып табылатын қауіпсіздік техникасы бойынша директивті және нормативті құжаттарға сай құрастырылады. Бөлім жобаланған жұмыстардың барлық түрлері бойынша өндірістік санитария мен қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау мәселелеріне арналған. Мұнда сонымен қатар өртке қарсы шаралар, медициналық қызмет көрсету, қауіпсіздік техникасының қызметін ұйымдастыру, нұсқау мен жұмысшыларды қауіпсіздік техникасына үйрету қарастырылады.

Нормаларға сай бөлімде қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғаудың қажетті құралдары – жобаланған жұмыстың қауіпсіздігін арттыратын механизмдер, қондырғылар мен аспаптар анықталады.

Сабақ № 4

Еңбекті қорғау бойынша жұмысты ұйымдастыру

Еңбектің қауіпсіз жағдайын қамтамасыз етудің тұрмыстық жүйесінің мынандай қызметі бар: болжау және жоспарлау, МТҚ, кадрларды таңдау және орналастыру, тәрбиелеу, бақылау, есептеу, талдау, бағалау, ынталандыру. Еңбек жағдайын болжау ғылыми-зерттеулік ұйымдармен жүзеге асады. Еңбекті қорғауға арналған іс-шараларды жоспарлау еңбектің қызметтік органдарымен жүзеге асады.

Еңбектің қауіпсіз жағдайын МТ және ИТ және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету – жүйенің басты құраушы бөлігі. Еңбектің қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ету жүйесінде жұмыс істеуші нысандар мен көлікте еңбектің қауіпсіз жағдайын дер кезінде және сапалық бақылауға маңызды орын береді.

Жүйеде кадрларды оқытып, таңдап, бөлуге үлкен назар аударылған. Еңбектің қауіпсіз жағдайын қамтамасыз етуді есептеу, талдау және бағалау ГБҰ жұмыс нысандарындағы еңбек жағдайын есептеу, талдау, бағалау әдістері мен кезенділігін, тәртібін бекітеді. Жүйеде геологиялық барлау жұмыстарын басқарудың барлық деңгейлерінде еңбектің қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ету қарастырылады.

ҚР еңбек туралы заңдарының негізіне сай еңбектің дұрыс әрі қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ету ұйымның әкімшілігіне жүктеледі. ГБҰ мен кәсіпорындарында ИТЖ мен жетекшілердің нақты міндеттері, құқығы мен жауапкершілігі басқарудың барлық деңгейінде «ҚР ГМ жүйесіндегі ұйымдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің жетекшілері мен ИТЖ ЕҚ мен ҚТ жағдайындағы міндеттері, құқығы мен жауапкершілігі туралы жарғыда» анықталынып, көрсетілген.

Еңбекті қорғау жағдайын бақылау органдары мен еңбек туралы заңды бұзудағы жауапкершілік.

Еңбек туралы заңдардың, қауіпсіздік техникасының ережелері мен нормаларының, өндірістік санитария мен өрт қауіпсіздігінің сақталуын бақылау үш бағыт бойынша жүргізіледі: мемлекеттік, ведомствошілік, қоғамдық.

Мемлекеттік бақылау былайша жүзеге асады:

1. өз қызметінде өздерінен жоғары органдар мен бақылаушы ұйымның әкімшілігіне бағынбайтын арнайы өкілеттілігі бар мемлекеттік органдар мен инспекциялар арқылы;
2. кәсіби одақтар мен оларды жүргізуден тұратын еңбектің техникалық және құқықтық инспекциялар арқылы жүзеге асады.

Барлық министрліктердің, кәсіпорын, мекеме, ұйымдардың еңбек туралы заңның нақтылы жүзеге асырылуын ең жоғарғы бақылауды Бас прокурор мен оған бағынатын прокурорлар жүзеге асырады.

Еңбекті қорғауды ведомство ішлік бақылауды кәсіпорын, мекеме, ұйым бағынышты болып келетін министрлік пен ведомства жүзеге асырады.

Өндірістегі қауіпсіздік техникасының жағдайын қоғамдық бақылау кәсіподақтық бақылау жүйесіне жатып, кәсіподақ комитеттерімен, еңбекті қорғау комиссияларымен, еңбекті қорғауға арналған қоғамдық инспекторлармен жүзеге асады.

Еңбек туралы заңды, сонымен қатар қауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитарияның ережелері мен нормаларын бұзудағы жауапкершіліктің мынандай түрлері бар: тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық, материалды.

Бақылау сұрақтары:

1. Еңбектің қауіпсіз жағдайын МТ және ИТ және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Еңбектің қауіпсіз жағдайын қамтамасыз етудің тұрмыстық жүйесінің мынандай қызметтері бар?
3. Нормаларға сай бөлімде қауіпсіздік техникасын анықтайтын қандай аспаптар?

Сабак №5

Жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін ұйымдастыру Жарақат алуды талдау.

«Өндірістегі сәтсіз оқиғаларды тексеріп, есепке алу туралы Жарғыға» сай кәсіпорын аумағында, зардап шеккен кәсіпорыннан тыс жерде еңбек міндеткерлігін өтеу барысында, немесе әкімшілік, кәсіпорын, жұмыс жетекшісінің (бригадир, шебер, аусым, участок басшысының) тапсырмасын орындау кезінде, сонымен қатар кәсіпорынның көлігімен жұмысқа келе жатқанда немесе жұмыстан қайтып бара жатқанда ұшыраған сәтсіз оқиғаларға тексеру жүргізіледі. өндірістегі сәтсіз оқиға жұмысшының 1 күннен артық еңбекке қабілеттілігін жойса немесе зардап шеккен адамды негізгі мамандығынан екіншісіне ауыстырса, мұның барлығы Н-1 түріндегі актімен рәсімделеді. Ал топпен сәтсіз оқиғаға ұшыраған жағдайда Н-1 түріндегі акт зардап шеккен адамның әрқайсысына толтырылады.

Н-1 түріндегі акт зерттеу материалдарымен бірге кәсіпорында 45 жыл бойы сақталады. Сәтсіз оқиға туралы Н-1 түріндегі актінің көшірмесін әкімшілік тексеру жұмыстары аяқталған сәттен бастап 3 күн ішінде зардап шегушінің өзіне немесе бұл іске қызығушылық тудырған адамға береді.

Кәсіпорын әкімшілігі сәтсіз оқиғаға зерттеу жүргізу үшін құрамына цех басшысы немесе арнайы бөлімшенің жетекшісі, еңбекті қорғау бөлімінің басшысы (инженер) және ұйымның кәсіподақ комитетінің еңбекті қорғау бойынша қоғамдық инспекторы енетін комиссия құруға міндетті.

Комиссия 24 сағаттың ішінде болған жағдайды тексеріп, сәтсіз оқиғаның себептерін анықтап, 4 нұсқада Н-1 түріндегі акт құрып, оны бекіту үшін кәсіпорын басшысы жеткізулері керек. Кәсіпорын басшысы бір тәулік ішінде сәтсіз оқиға туралы актіні қарастырып, бекітіп, оны цех басшысына, еңбекті қорғау бөліміне, кәсіподақ комитетіне, кәсіпорынды бақылауға алатын еңбектің техникалық инспекторына жіберуі қажет.

II. Жарақат алуды талдау.

Өндірісте жарақат алудың себебін талдаудың алғашқы маңызды кезеңі сәтсіз оқиға өткен жерде оның себебі мен жағдайын тыңғылықты түрде жан-жақты зерттеу болып табылады. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында сәтсіз оқиға өткен уақыттағы өндірістік операцияға немесе оның

элементіне нақты сипаттама беріледі. Осы оқиға болған кездегі жабдықтың (аспаптың) түрі мен техникалық жағдайы, жабдықтың жұмыс істеу тәртібі (жылдамдығы, жүктемесі), оқиға болған сәттегі зардап шегушінің әрекеті, ал бригадалық түрде еңбекті ұйымдастыру мен жұптасып жұмыс жүргізіп жатқан жұмысшылардың әрекеті көрсетіледі. Зерттеу жұмысының барысында болған сәтсіз оқиғаға кінәлі адамдар табылып, сәтсіз оқиғаның себептерін жоюдың іс-шаралары анықталады.

Жарақат алуды талдаудың келесі кезеңі – кәсіпорын, бірлестік немесе министрлік бойынша жарақат алудың материалдарын жинақтап қорыту. Жарақат алуды талдауды квартал, жыл, бес жылдықтағы жұмыстардың нәтижесі бойынша жүргізеді. Жарақат алуды талдаудың мынандай техникалық, топографиялық, монографиялық, статистикалық және топтық әдістері қолданылады. Егерде зардап шегуші ауысым барысында әкімшілікке сәтсіз оқиға туралы хабарламаса немесе еңбекке жарамсыздық туралы хабар бірден жетпесе, онда сәтсіз оқиғаны зерттеу туралы хабар зардап шегушінің өтініші бойынша өтініш берілген күннен бастап екі апта ішінде жүргізіледі. Геологиялық ұйымның жұмысшыларының жетекшілігімен тәжірибеден өтіп жатқан оқу орынының студенттері немесе оқышылары сәтсіз оқиғаға ұшыраса, онда оқиға барысын зерттеу комиссиясының құрамына оқу орынының өкілі де қатысады және геологиялық ұйым тарапынан есепке алынады. Егерде осындай мақсатта бөлінген участка өтіп жатқан тәжірибеге оқу орынының қызметкері жетекшілік етсе, онда сәтсіз оқиға оқу орынының тарапынан есепке алынады.

Сәтсіз жағдайларды тексеру және тіркеу.

«Өндірістегі сәтсіз жағдайларды тексеру және тіркеу туралы жарғыға» сай кәсіпорын аймағында болған, зардап шегуші жұмыс міндеттерін, әкімшіліктің тапсырмасын орындау кезінде кәсіпорыннан тыс жерде болған, сонымен қатар кәсіпорын берген көлікпен жұмысқа келе жатқанда немесе жұмыстан қайтып бара жатқанда болған сәтсіз жағдайлар тексеруге жатады.

Демалыс, мереке күндері, мөлшерінен артық жұмыс атқару кезіндегі, сонымен қатар жұмыс басталар немесе аяқталар алдында өндіріс құралдарын тәртіпке келтіруге қажетті уақыт аралығында және жұмыс күнінің барысында өткен жағдайлар тексеріледі.

Егерде тексерудің нәтижесінде әкімшілік сәтсіз оқиғаның себебі мен жағдайын анықтап, зардап шегуші адам әкімшіліктің рұқсатынсыз өз мақсатында өндіріс құралдарын немесе кәсіпорынның көлігін пайдаланған жағдайда бұл сәтсіз оқиғаның өндіріспен байланысы жоқ деп танылады.

Өндірістегі әрбір сәтсіз оқиға туралы зардап шеккен адам немесе оқиғаны көзімен көрген адам зардап шеккен адамға көмек көрсетуді ұйымдастырып, оны емдеу мекемесіне жіберіп, жоғарыдағы басшыларға жағдайды хабарлап, тексеру жүргенге дейін жұмыс орнындағы жағдай мен құрал жабдықтарды сәтсіз оқиға болған күйінде сақтап отыруды жүзеге асыратын жұмыстың тікелей жетекшісіне немесе шеберге болған оқиғаны жедел түрде жеткізуі қажет.

Кәсіпорын әкімшілігі құрамында цех басшысы немесе арнайы бөлімнің жетекшісі, еңбекті қорғау бөлімінің басшысы (инженер) бар тексеру жүргізетін комиссия құруға міндетті.

Кәсіпорын басшысы бір тәуліктің ішінде сәтсіз оқиғаға тексеру жүргізіп, акт бекітіп, оны цех басшысы мен еңбекті қорғау бөліміне жіберуі керек.

Мұнымен бір уақытта жетекші сәтсіз оқиғаны туындатқан себепті жоюдың іс-шарасын жасауы керек.

Геологиялық барлау ұйымдарының жұмысшыларының жетекшілігімен іс-тәжірибеден өтіп жатқан оқу орнының студенті немесе оқушысы сәтсіз оқиғаға тап болып, зардап шексе, бұл оқиғаны оқу орнының өкілі де қатысатын арнайы комиссия тексереді. Егерде іс-тәжірибе арнайы белгіленген аймақта өтіп, оған оқу орнының өкілі жетекшілік ететін болса, онда бұл жағдайға оқу орыны жауап береді.

Өлімге, ауыр зардапқа әкелетін және топтық сәтсіз оқиғаларды тексерудің арнайы тәртібі бекітілген. Мұндай жағдайларды арнайы тексеру құрамында еңбектің техникалық инспекторы, жоғарыда тұрған ұйым өкілі, кәсіпорын жетекшісі немесе оның орынбасары бар комиссия арқылы жүзеге асады.

«Геологиялық ұйымдар мен топогеодезиялық кәсіпорындар мен мекемелерде тұрмыстық және өндірістік емес жарақаттарды есепке алып тіркеу тәртібі туралы жарғыға» сай тұрмыстық және өзге де өндірістік емес жарақатты тексеру әкімшілік өкілімен жүзеге асады. Егерде жұмысшы бекітілген мерзімде жұмысқа шықпаса, сонымен қатар жұмысшы геологиялық барлау отрядының далалық лагерінде дер кезінде болмаса, әкімшілік кәсіподақ ұйымының өкілімен бірге оның жұмыста болмауының себебін анықтауы керек.

Егерде ол тап болған сәтсіз оқиғаның салдарынан болса, онда бұл факт бекітілген күні тексеру жүргізіліп, сәтсіз оқиғаның себебі мен жағдайы анықталады. Тексерудің нәтижелері бойынша «Жұмысшы немесе қызметкер тап болған өндірістік емес сәтсіз оқиғаны тексерудің актісі» құрастырылады.

Өндірістік емес сәтсіз оқиғаларды тексеріп есепке алу жауапкершілігі әкімшілік пен кәсіподақ ұйымына жүктеледі.

Өндірістік жарақат және кәсіптік аурулар.

Жарақат - кенеттен сыртқы жерден туындап, адам мүшелерін және теріні анатомиялық бүтіндігін және физико-геологиялық қызметінің бұзылуы.

Әсер ету бойынша жарақат келесі түрлерге ажыратылады:

1. Механикалық
2. Жылулық
3. Химиялық
4. Электрикалық
5. Аралас

Өндіріс алынған және қауіпсіздік талаптарын бұзу нәтижесінде туындайтын өндірістік жарақаттардың бірлестігі мен сипатталатын құбылыс, өндірістік жарақаттану деп аталады.

Қауіпсіздік кезең - жұмысшы жарақат алған уақыт, қауіпті аймақ, өндірістік жарақат болған орынның шегі.


Аурулық деңгейі басқаша қасақана кезеңдер жеңіл, ауыр және қазалы деп ажыратылады.

Кәсіптік ауру - деп ерекше зиянды өндірістік факторлар жұмысында жұмысшыларға әсер ету нәтижесінен туындайтын ауру және олар мен жанаспаудан туындауы мүмкін емес.

Өндірістік ортаның зиянды жер салдары бірден емес бірнеше жылдан кейін айқындалуы сирек емес.

Жазатайым оқиға адамдардың жарақаттануына немесе ауруға шалдығуына, немесе меншікке, кәсіпорын мен материалдарға, немесе қоршаған ортаға нұсқан келтіруге, немесе кәсіпкерліктің даму мүмкіндігін жоғалтуына әкеп соғатын кез келген жоспарланбаған оқиға.

Басқаша сөздермен айтқанда, қалықаралық тәжірбие «жазатайым оқиға» анықтамасы тек адам денсаулығына зиян келтірілуді ғана емес, одан да анағұрлым кең мағынаны білдіреді.



1-Суретт. Жазатайым оқиға анықтамасына енгізілген жайттар.

Қауіптілік- бұл затың залал келтіру қасиеті немесе қабілеті.


Қауіпті фактор (қауіптілік көзі)- бұл зиян келтіру мүмкіндігіне байланысты нәрсе.

Қауыпты факторлар қауыпты жағдайларға және іс әрекеттерге бөлінеді.

Қауыпты іс әрекеттер- бұл рықсатсыз жұмыс істеу, ажыратылмаған жабдықта жұмыс істеу, қауіпті немесе ақаулы жабдықты пайдалану, оны дырыс пайдаланбау, ЖҚҚ н қолдану ережелерін сақтамау, қауіпті киімді, аяқкиімді кию, ескетулерді бұзушылық, қолдар мен дененің

басқа да бөліктері қозғалысының қателігі, қауіпті жерлерде бөлу.

Тәуекел нақты қауіпті фактордың зиян келтіру ықтималдылығын білдіреді. Тәуекелдің негізгі ерекшелігі оның мүмкін болатын, міндеті емес сипаты. (2- сурет)



Тәуекел мынадай факторларға байланысты болады:

- ◆ қауіпке ұшыраған адамдардың саны:
- ◆ олардың қауіпке жиі ұшырауына:
- ◆ олардың қауіпке ұзақ уақыт бойы ұшырауына:
- ◆ пайда болған кезінде қауіптіліктің байыптылығына:

Уақиға- жағдайлардың кездейсоқ үйлесуінің арасында ғана жазатайым оқиғаға жетпеген жағдай. Басқаша сөздермен айтқанда, бұл салдарлары болмайтын немесе нөлдік залалы бар жазатайым оқиға.

Жарақаттануды талдау.

Сәтсіз оқиғалардың алдын алып, еңбек жағдайын жақсартуда өндірістік жарақаттануды талдау үлкен мәнге ие. Өндірістегі жарақаттың себебін талдауда бірінші маңызды кезең сәтсіз оқиға өткен жерде оның себебі мен жағдайын тексеру. Тексеру барысында сәтсіз оқиға өткен уақыттағы өндірістік операция мен оның элементтеріне толық сипаттама беріледі.

Барлық геологиялық барлау ұйымдары өндірісте де, тұрмыста да орын алған қайғылы оқиғаларды мұқият тексеруді жүргізу керек және есепке алу керек. Өйткені бұл травматизмнің себептерін анықтауға және оның алдын алу шараларын құруға мүмкіндік тудырады.

Жұмыс күнінің ішінде (белгіленген үзілістерді қоса алғанда), жұмыстың алдында және жұмыс аяқталған соң өндіріс құралдарын, киім-кешекті және т.с.с. тәртіпке келтіруге қажетті уақыттың ішінде, сонымен қатар үстеме уақытта, демалыс және мереке күндері жұмыс атқарғанда орын алған жағдайлар тергеуге жатады.

Бір күннен кем емес жұмыс қабілеттілігінің жоғалуын тудырған немесе зардап шегушінің негізгі кәсіп бойынша жұмыстан басқасына ауыстыру қажеттілігін тудырған, өндірістегі қайғылы оқиға Н-1 формасы бойынша актпен рәсімделеді. Топтық қайғылы оқиғалар кезінде Н-1 формасы бойынша акт әр зардап шегушіге жасалады.

Н-1 формасындағы акт тексеру материалдарымен бірге кәсіпорында 45 жыл сақталады. Қайғылы оқиға туралы Н-1 формасындағы актінің көшірмесін әкімшілік тексеру аяқталған сәттен бастап үш күннің ішінде зардап шегушіге немесе мүдделі тұлғаға береді.

Егер қайғылы оқиғаның себептері мен жағдаяттарын тексерудің нәтижесінде әкімшілік қайғылы оқиға зардап шегуші жеке бас мақсатында, әкімшіліктің рұқсатынсыз қандай да бір заттарды дайындаған кезде немесе жеке бас мақсатында көлік құралдарын, механизмдерді, жабдықтарды, инструментті өз еркімен пайдаланған кезде, кәсіпорын территориясындағы спорттық ойындарда, материалдық құндылықтарды ұрлағанда немесе мас болудың нәтижесінде орын алған қайғылы оқиға екенін анықтаса, мұндай қайғылы оқиға өндіріспен байланысты емес деп танылады. Бұл жағдайда әкімшілік бұл мәселені кәсіподақ комитетінің қарауына беруге міндетті. Әкімшілік қорытындыларымен кәсіподақ комитеті келіскен жағдайда Н-1 формасындағы актіде (оң жоғарғы бұрышқа) жазба жазылады: «Қайғылы оқиға өндіріспен байланысты емес. _____ кәсіподақ комитетінің қаулысы, хаттама _____». Кәсіподақ комитеті әкімшілік қорытындыларымен келіспеген жағдайда аталған жазба жазылмайды және оқиға өндіріспен байланысты деп есептеледі.

Өндірістегі әр қайғылы оқиға туралы зардап шегуші немесе көзімен көрген адам шеберді немесе жұмыстардың басқа тікелей жетекшісін дереу хабардар етуі тиіс, ол зардап шегушіге көмек көрсетуді және оны емдеу мекемесіне жіберуді, орын алған қайғылы оқиға туралы жоғары тұрған жетекшіге хабарлауды, қайғылы оқиға сәтінде болғандай жұмыс орнындағы жағдайды және жабдықтардың жағдайын тексеруге дейін сақтауды (егер бұл жұмысшылардың денсаулығына апат қаупін төндірмесе және өндірістік үрдісті бұзбаса) ұйымдастыруға міндетті.

Кәсіпорынның әкімшілігі құрамына цех бастығы немесе тиісті бөлімнің жетекшісі, еңбекті қорғау бөлімінің бастығы (инженер) және ұйымның кәсіподақ комитетінің еңбекті қорғау бойынша қоғамдық инспекторы кіретін, қайғылы оқиғаны тексеру бойынша комиссия құруға міндетті.

Егер зардап шегуші әкімшілікке қайғылы оқиға жайлы ауысымның барысында хабарламаса немесе жұмысқа қабілеттіліктен айырылу бірден орын алмаса, онда қайғылы оқиға бойынша тексеру зардап шегушінің өтініші бойынша өтініш беру күнінен екі аптадан артық емес мерзімде жүргізіледі. Геологиялық ұйымның қызметкерлер құрамының жетекшілігімен тәжірибеден өтетін, оқу орындарының білім алушыларымен және студенттерімен болған қайғылы оқиғаларда оқу орнының өкілімен бірлескен комиссия тексереді және геологиялық ұйым есепке алады. Егер тәжірибе оқу орны қызметкері өкілінің жетекшілігімен осы мақсатта бөлінген бөлікшеде жүргізілсе, қайғылы оқиғаны оқу орны есепке алады.

Нәтижесі ауыр және өлімге әкелген қайғылы оқиғалар үшін, сонымен қатар топтық қайғылы оқиғалар үшін тексерудің арнайы тәртібі белгіленген. Мұндай жағдайларды арнайы тексеруді құрамына техникалық еңбек инспекторы, жоғары ұйымның өкілі, кәсіпорынның жетекшісі немесе оның орынбасары және кәсіпорынның кәсіподақ комитетінің өкілі кіретін, комиссия жүргізеді.

Егер оқиғалар төмендегі органдарға қарасты объектілерде орын алса, нәтижесі ауыр немесе өлімге алып келген қайғылы оқиға туралы, сонымен қатар топтық жағдай туралы кәсіпорынның жетекшісі жоғары тұрған ұйымның жетекшісіне, техникалық еңбек инспекторына, облыстық кәсіподақ комитетіне, кәсіподақтар кеңесіне, прокуратураға, КСРО Мемлекеттік қалалық техникалық бақылауының, Бас энергиялық қалалық бақылауының жергілікті органдарына дереу хабарлауға міндетті.

Н-1 формасындағы актпен рәсімделген барлық қайғылы оқиғалар кәсіпорында «Өндірістегі қайғылы оқиғаларды тіркеу журналында» тіркеледі. Сонымен қатар топтық, ауыр және өлімге алып келген оқиғалар осы топтардағы қайғылы оқиғаларға арналған арнайы тіркеу журналында қосымша тіркеледі.

Өндірістегі травматизмнің себептерін талдаудың алғашқы маңызды кезеңі – орын алу жеріндегі қайғылы оқиғаның жағдаяттары мен себептерін мұқият жан-жақты тексеру. Тексерудің барысында қайғылы оқиға орын алған өндірістік операцияның немесе оның элементінің нақты сипаттамасы беріледі. Жұмыс жасау кезінде бұл жағдай орын алған жабдықтың (инструменттің) түрі мен техникалық жағдайы, жабдықтың жұмыс режимі (жылдамдығы, жүктемесі), жағдай сәтіндегі зардап шегушінің әрекеттері, ал еңбекті ұйымдастырудың бригадалық формасында зардап шегушімен жұпта жұмыс жасаған жұмысшының әрекеттері көрсетіледі. Тексерудің барысында қайғылы оқиғалардың туындауына айыптылар анықталады және қайғылы оқиға себептерінің алдын алу бойынша шаралар белгіленеді.

Жарақаттануды талдаудың келесі кезеңі – жарақаттанудың материалдарын кәсіпорындар немесе министрліктер бойынша жинақтап қорыту. Жарақаттануды талдау квартал, жыл, 5 жылдық жұмыстың нәтижелері бойынша жүргізіледі. Жарақатты талдаудың мынандай әдістері қолданылады.

Техникалық әдіс – еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасының жағдайын зерттеудің бірнеше тәсілдерінің жиынтығын көрсетіп, сәтсіз оқиғалардың себебін тексеру кезінде ауаның құрамын, шудың қарқындылығын, дiрiлдi, құрал-жабдықтың қолайлылығын сынауды жүргізуде қолданылады.

Топографиялық әдіс – сәтсіз оқиғаларды өткен жеріне байланысты зерттеуден тұрады. Барлық сәтсіз оқиғалар шартты белгілермен өндірістік участоктың картасына (жоспарына) немесе оқиға өткен жердің механизмінің сызбасына енгізіледі.

Монографиялық әдіс – белгілі технологиялық үрдістер немесе операциялар кезінде өткен сәтсіз оқиғаларды толық зерттеуден тұрады. Мұнда еңбек жағдайына, жұмыс орындарының жағдайына, қорғаныш бұйымдарының болуына және т.б. назар аударылады.

Статикалық әдіс – кеңінен таралған және монографиялық әдіс кешенінде жиі қолданылады. Ол алғашқы құжаттарды жүйелеу мен статикалық өңдеуге негізделген.

Бастапқы құжаттар Н-1 формасындағы актілер, қайғылы оқиғаларды тіркеу мен есепке алу журналдары болып табылады. Бастапқы материалдардың үлкен санын өңдеуді жеңілдету үшін ЭЕМ кеңінен қолданылады. Бұл жерде өндірістік травматизмді бағалау үшін салыстырмалы көрсеткіштерді пайдалану керек: травматизмнің жиілігі, травматизмнің және жұмыс қабілеттілігінен айырылудың ауырлығы.

Травматизм жиілігінің көрсеткіші K_c 1000 адамға шаққандағы травматизм жағдайларының орташа санын көрсетеді және мына формула бойынша анықталады

$$K_c = \frac{H \cdot 1000}{C}, \quad (1)$$

Мұнда Н – белгілі уақыт аралығындағы (квартал, жартыжыл, жыл) 1 күнде немесе одан артық жұмысқа қабілеттіліктен айырылған қайғылы оқиғалардың саны; С – жұмысшылардың орташа тізімдік саны.

Топтық әдіс – белгілі бір ұқсас белгілері бойынша топтастырылған сәтсіз оқиғалардың себептерін зерттеумен көрінеді. Өндірістік жарақаттың алдын алып, еңбектің қауіпсіз жағдайын құрудың іс-шараларын дайындауда жарақаттанудың себептерін жіктеу маңызды мәнге ие болады. Сәтсіз оқиғаның себептерінің мынандай топтары бар:

Ұйымдастырушылық – бұл еңбектің дұрыс ұйымдастырылмауы, орындаушылардың жеткілікті оқытылмауы, ҚТ бұзуы және т.б.

Техникалық – оларға өндірістің техникасы мен технологиясындағы себептер жатады.

Санитарлы-гигиеналыққа ауаның ластануы, шу, дiрiл мен нашар жабдықталу және т.б. жатады.

Объективті –табиғи – ұйым мен өндіріс техникасына бағынбайтын стихиялы апаттарға негізделеді.

Сонымен қатар адамның физиологиялық және психологиялық мүмкіндіктеріне негізделген бірқатар себептер де болады. Оларға адамның мінез ерекшеліктері, жынысы, денсаулық жағдайы және т.б. жатады. Жарақаттың себептерін жойғаннан кейін жарақаттанудың экономикалық салдарларын есептеу жүргізіледі.

Өндірістегі жарақаттың алдын алуға бағытталған негізгі техникалық құралдар бұл қоршау техникасы мен сақтандырушы қондырғылар. Жұмыстың дұрыс әрі қауіпсіз жағдайын қамтамасыз етуде далалық жабдықтау үлкен мәнге ие болады. қорғаныс техникасының екі негізгі тобын көрсетуге болады:

1. Жабдықтың конструкциясына енетін қорғау құралдары.
2. жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, бірақ технологиялық үрдістерге қатыспайтын құралдар.

Жабдықтың конструкциясына енетін қорғау құралдарына қоршау, блокировка, сақтандыру қондырғылары, сигнал құралдары, герметизация, аспирация, желдеткіш пен жылу бөлгіштер енеді.

Машина мен механизмдердің барлық айналатын және қозғалатын бөліктері – маховик, шестерна және т.б., сонымен қатар ременді және тізбекті бергіштер сенімді қоршауларға ие болуы қажет. Жабдықтардың тоқ өтетін бөлшектері, жоғары температуралы және зиянды сәулеленулі аймақтар, биіктерде орналасқан жұмыс аумақтары қоршауға жатады. Қондырғы тәсілі бойынша стационарлы, түсірулі, ашылатын қоршаулар болады, ал материалы бойынша ағаш, пластмассалы, металлды қоршаулар болады. соңғылары тұтас, торлы, перфорирлі және т.б. болады.

Дала жұмыстарына шығатын бөлімшелер геолого-түсірулік, геолог-іздеулік партиялар мен топографо-геодезиялық бригадалардың еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы құралдарына қатысты типтік тізімге сай толығымен қауіпсіздік техникасының құралдарымен және дұрыс жабдықтармен қамтамасыз етілуі керек. Партияның дайындығы толығымен тексерілгеннен кейін ғана дала жұмысына шығуға рұқсат етіледі.

Партиялардың дала жұмыстарын жүргізуге дайындығы ортақ формада құрастырылып, Мемтаутехбақылау органының өкілі және қауіпсіздік техникасының инженері, кәсіподақ ұйымының өкілі (еңбекті қорғаудың қоғамдық инспекторы), партия жетекшісі қол қойып, жоғарыда тұрған ұйымның жетекшісі бекіткен типтік акт бойынша расталады. Тексеру барысында табылған барлық кемшіліктер дала жұмысына шыққанға дейін жойылуы қажет.

Кәсіптік аурулардың алдын алу.

Адам үшін денсаулық оның еңбекке қабілеттілігінің ең басты факторы болып табылады. Сондықтан бүгінгі күні өнеркәсіптік салалардағы қызметкерлердің денсаулығын сақтау мәселесі өте маңызды.

Кәсіптік ауру ретінде қызметкер ұйымның немесе жеке кәсіпкердің тапсырмасы бойынша еңбек міндеттерін немесе өндірістік қызметін орындау кезінде зиянды өндірістік фактордың әсер етуінен туындайтын ауру немесе улану түсініледі. Сонымен бірге жұмысқа еңбек шарты бойынша қабылданған адам ғана емес, Сандай-ақ жұмысты азаматтық-құқықтық шарт бойынша орындайтын адам және ұйымның немесе кәсіпкердің өндірістік қызметіне қатысатын кез келген тұлғалар да қызметкер болып есептелінеді.

Кәсіптік аурулар екі түрге бөлінеді: қатты және созылмалы. Зиянды өндірістік фактордың қысқа мерзімдік әсер етуінің нәтижесінде пайда болған кәсіптік ауру қатты ауру болып есептеледі. Егер кәсіптік ауру зиянды өндірістік факторлардың неғұрлым ұзақ уақыт әсер етуінен пайда болса, онда ол созылмалы ауруға жатады.

Медциналық тексерудің кәсіптік аурудың сипатын қатты немесе созылмалы деп айқындауына қарай қолданыстағы заңнама бұдан кейінгі іс – әрекеттерді белгілейді.

Денсаулық бұзылуының жиі кездесетін себептерінің бірі – адамға ол еңбек қызметі кезінде кез болатын зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың ұзақ уақыт бойы әсер етру. Кәсіптік аурулардың пайда болуына сақтандыру мен өз уақытында айқындау үшін кәсіп орныдар үшін де, медциналық мекемелер үшін де сақтандыру шараларының белгілі бір жүйесі жасалған. Кәсіптік аурулардың алдын алу жүйесінің негізгі еңбек қызметі зиянды және қауіпті өндірістік факторлармен байланысты қызметкерлерді міндетті мерзімдік медциналық тексерулерден өткізу болып табылады. Міндетті медциналық тексерулерге жататын қызметкерлер кәсіптері мен лауазымдарының тізімін жұмыс беруші заңнамалық және нормативтік актілердің негізінде Менсанэпидқадағалаумен және кәсіподақ ұйымдарымен келісе отырып белгілейді. Медциналық тексерулерді тиісті лицензиялар алған, туындаған ауруды айқындауға және оның пайда болуының себептерін қызметкердің еңбек жағдайларына қарай белгілеуге қабілетті білікті дәрігерлері бар емдеу алдын алу мекемелері ғана жүргізе алады.

Статистика растағандай, біздің елдегі 8 миллионнан астам адам 53% белсенді жұмыс істейтін халықты құрайды. Олардың 690 мыңға жуығы зиянды және ерекше қауіпті өндірістерде жұмыс істейді. Кәсіпорындардағы кәсіптік ауруға шалдыққан қызметкерлер санының статистикасына келетін болсақ, бұл цифрлар жылдан жылға көбейіп келеді.

Медциналық тексерулер кәсіптік аурулардың мынадай түрлері бойынша өткізіледі:

1. Қызметкерге өндірістік атмосферадағы зиянды заттардың (әр түрлі шаңдар, металдардың булануы, зиянды газдар және т.б) жоғары мөлшерлерінің әсер етуінен пайда болған аурулар.
2. Қызметкерге зиянды өндірістік факторлардың (діріл, шу, ультрадыбыс, электромагниттік өріс, жоғары және төменгі температуралар және т.б) әсер етуінен туындайтын аурулар.
3. Денеге түсетін қауырттылық және шағын жарақаттанушылыққа байланысты жұмыс кезіндегі тірек-қозғалыстық аппарат аурулар.
4. Өндірістік ортаның уытты-химиялық факторларының әсерінен пайда болатын аурулар.

Кәсіптік аурулардың пайда болуына көбінде ағзаның жеке сезімталдығы, яғни адамның сыртқы ортаның қандай да бір факторының әсер етуіне сезімталдығы жағдай жасайды. Ағзаның жеке сезімталдығы түсінігіне бір жағынан, оның аллергиялық әрекеттері, екінші жағынан - қандай да бір факторлардың әсеріне жалпы биологиялық жауап беруі кіреді. Сондықтан да алдын ала медциналық тексеруден өту өте маңызды. Кәсіптік ауруды анықтау дәрігерге барумен ғана бітпейді.

Кәсіптік қатты аурудың әрбір оқиғасы тексеруге жатады. Тексеру үрдісінде мыналар жүзеге асырылуы тиіс:

1. Кәсіптік аурудың (уланудың) мән-жайы мен пайда болу себептерін анықтау;
2. Жұмыс орнын (жұмыс аймағын, өндірістік учаскіні, цехті) тексеріп шығуды өткізу;
3. Қажет болған жағдайда зианды өндірістік факторларға зертханалық және аспаптық зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру;
4. Жұмыс істеуші еңбегінің санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларын бағалау;
5. ұйымды санитарлық-эпидемиологиялық тексеруден өткізудің актілерін, зертханалық зерттеулердің, жұмыс орындарын аттестаттаулардың нәтижелерін зерделеу;

Бақылау сурақтары:

1. Жарақат дегеніміз не?
2. Жарақаттың түрлерін атаңдар?
3. Уақиға дегенді қалай түсінесіңдер?
4. Жарақатты талдаудың қандай әдістерін білесіңдер?
5. Статикалық әдіс дегеніміз не?
6. Статикалық әдіс қандай әдісте жиі қолданылады?
7. Кәсіптік ауруды қалай түсінесіңдер?
8. Қауіпті фактор (қауіптілік көзі)-деген не?
9. Топографиялық әдіске анықтама беріңдер?
10. Жарақат жиілігін анықтайтын формула?

Сабақ №7

Әртүрлі физика-географиялық аудандарда жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

Таулы және тайгақ жағдайдағы, шөлді және жартылай шөлді аймақтарда жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

Жергілікті белдемде маршрут жүргізу кезінде кейін қайтуды жеңілдету үшін өткен жолды ажырата білу ұсынылады. Бұл үшін ағаштарды балтаман соққылап және т.б. әдістермен белгі қалдыру қажет. Ормандағы маршрут кезінде партия көз Бен бас қызметінің байланысын ұстап отыруы қажет. Бір-бірінен 2-3 метр қашықтықтан аспайтын алшақтықта жүру қажет. Әрбір маршрутты топта балта болуы керек.

Биік таулы аймақтарда жұмыс жүргізу кезінде топ альпинистік жабдықтармен (капронды тау арқанымен, мұзжарғышпен), сонымен қатар жеңіл және қолайлы киімдермен, жылы бәтіңкемен, ұйықтайтын қаптармен, рациямен қамтамасыз етілуі қажет. Тау баурайларында жұмыс жүргізу кезінде мықты негізге бекітілген арқанды сақтандыру белдемін кию қажет. Жаңбыр, қар көшкіні, тұман кездерінде қозғалыс пен жұмысты тоқтату тұру қажет.

Шөлді, жартылай шөлді, сусыз кеңістіктердегі геологтардың жұмыстары өзіндік ерекшеліктерге ие, мұндай жерлерде күрт континенталды климат, қатты желдер болады. Дала жұмыстарына шығардың алдында тұрғылықты жерлердің, құдықтармен, бағыттағыштардың, жолдардың бар-жоқтығы туралы мәлімет жинау қажет. Әдетте жұмыс жүргізу үшін әуе және автокөліктер пайдаланылады. Шөлді жерлерде температура сағат 11-ге қарай 35-40⁰ жетеді, сондықтан жұмысты таңертеңгі және кешкілік уақыттарда жүргізу қажет.

Жеңіл маталардан ашық түсті киім кию қажет. Әрбір жұмысшыға компас, жергілікті жердің картасы, қорлар, бір литр қайнаған су сиятындай ыдыс қажет. Құмды жел жақындаған кезде арқасын желге беріп жерге отыру керек.

Далалық геологиялық бөлімдердің барлық жұмысшыларында алғашқы дәрігерлік көмек көрсететін қорапшалар болып, әрқайсысы сол жерде инъекция жүргізе алуы қажет.

Көшкін қаупі бар аудандардағы қауіпсіздіктің шаралары.

Қазіргі уақытта ТМД-да көшкін түзілу және көшкін режимінің түрлеріне байланысты 4 аудан көрсетілген:

1. Арктикалық;
2. Солтүстік;
3. Континентішілік;
4. Оңтүстік таулы аймақтар.

Көшкіннің уақыты ауданның бедерпішінімен және температуралық режиммен, сонымен қатар тұнбаның санымен, сипатымен анықталады. Науалық көшкін ең қауіпті болады.

Гидрометрияның Мемлекеттік комитетінің территориялық басқармасы метеомәліметтерді беруді қамтамасыз етіп, көшкін қаупінің төнгендігі туралы ескерту жасайды.

Өндірістік геологиялық бірлестіктер мен экспедицияларда көшкінге қарсы бақылау қызметі құрылады.

Геологиялық барлау ұйымының барлық жұмысшылары қауіпсіздік шаралары мен таулы аймақтарда жұмыс жүргізу кезіндегі сақтандыру тәсілдері туралы, сонымен қатар көшкін қаупі бар аудандарда жұмыс жүргізудің ерекшеліктері туралы нұсқаумен таныстырылады. ГБЖ жүргізілетін аудандарда алдын ала қауіпті белдемдерді белгілеу жүргізіледі. Көшкінді белдем көшкін басталғанға дейін 15 күн бұрын ескерту белгілерімен қоршалады. ГБЖ нысандары мен оған қатысушылар ГБЖ маңында орналасқан баспанамен қамтамасыз етіледі.

Әрбір жұмысшы көшкін жағдайында бірінің артынан бірі өтіп отыру үшін ұзындығы 30-40 метр болатын көшкін бауымен қамтамасыз етілуі қажет. Көшкінді участоктарды 5 адамнан тұратын топтармен 100 метрге дейінгі қашықтықты, ал шаңғымен 150-200 метрлік қашықтықты сақтай отырып кесіп өту қажет.

Көшкін болған жағдайда мына операцияларды жасау керек:

1. шаңғыларды тастап, қауіпсіз жерге қашу;
2. қар басып қалса, беті мен кеудесіне ауа беріп, тұмсығы мен аузын жабу керек;

Ежелгі тау қазындылары мен карст білінетін аудандарда жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

ГБЖ кезінде, оның ішінде далада және түсіру жұмыстары кезінде теңіздер, саздар, карстсі білінулер мен тасталып кеткен тау қазындылары ерекше қауіптілік төндіреді. Мұндай жағдайда «ізбе із», бір-бірінен 2-3 метр қашықтықта қозғалу қажет.

Сазды жерлерде «ізбе із» жүруге болмайды. Жүріп келе жатқан адамдар ұзын қадаларға ие болып, бірге жүріп отыруы керек және сақтану үшін арқан ала жүру қажет. Тұтқыр жерлерден жүру кезінде гати жасау қажет. өрілген шаңғыларды пайдалану ұсынылады.

Бақылау сурақтары:

1. Шөлді жерлерде температура сағат 1 де қаншаға жеттеді?
2. Күн ыстықта қандай киімдер кию қажет?
3. Әрбір жұмысшының қолында не болуы қажет?
4. ТМД-да көшкін түзілу және көшкін режимінің түрлеріне байланысты 4 ауданды атаңдар?
5. Ормандағы маршрутта адамдардың ара қашықтығы қанша метрден астауы керек?

Сабақ №7

Көлік құралдары мен арнайы машиналарды пайдаланғандағы қауіпсіздік техникасы.

Адамдардың өмірі мен еңбек қызметі көлікпен тікелей байланыста, өйткені көліксіз әлеуметтік прогресс мүмкін емес. Көліктің негізгі міндеті ауыл шаруашылығы мен тұрғындардың қажеттіліктерін дер кезінде және толығымен қанағаттандыру, оған жүктер мен жолаушыларды жедел түрде тасымалдау, барлық көлік жүйесінің жұмысының сапасы мен қуатын арттырудың негізінде елдің экологиялық аудандарының арасындағы көлік байланысын жақсарту жатады.

Көлік құралдарының техникалық жағдайы олардың желідегі қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етуі керек. Автокөлік пен өзге де көліктерді пайдалану кезінде «Көшелер мен жолдардағы қозғалыс ережесі» мен «Автокөлік жүргізуге арналған қауіпсіздік техникасының ережелері» орындалуы керек. Желіге көлік құралдарын жіберуге жауапты адамдар олардың дұрыстығы мен жұмысқа дайындығын тексеріп, жүргізушіге жұмыс жағдайы туралы нұсқау беріп, жолға арнайы белгілерді қойып отыруы керек. Бұзылған көліктерді жолға шығаруға тыйым салынады. Қозғалыстың қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін көлік құралдарын шығаруға тыйым салынады. Көліктің бұзылғандығын байқаған жүргізуші көлікті тоқтатуы қажет. Бұзылған көлікті жөндеуден өткізгеннен кейін ғана қозғалысқа рұқсат беріледі.

Мас күйінде келген жүргізуші жұмысқа жіберілмейді. Жүргізуші қауіпсіздік ережесі мен көліктегі адамдарды тасымалдау ережелерін сақтауға жауапты және көліктегі адамдардан ережелердің орындалуын талап ету құқына ие. Жүк автокөліктері мен тракторларда адамдарды тасымалдау үшін жүргізушімен бірге жауапкершілікке ие болатын басшыларды тағайындайды. Бұл басшылардың біреуі жүргізушінің кабинасында екіншісі кузовта болады. Басшылардың фамилиясы жол парағына жазылады. Жалғыз көлікті шөлді және жартылай шөлді аймақтарға жіберуге болмайды. Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу кезінде автомобильді қаз жүрісті көлік пайдаланылады. Автомобиль және қаз жүрісті көлікті пайдалану «Жолда жүру ережелері» мен «Автомобиль көлігінің кәсіпорындарына арналған қауіпсіздік техникасының ережелеріне» сай орындалады. Механикалық көліктерді басқаруға көліктің белгілі бір түрін басқару құқы берілген куәлігі бар тұлғаларға ғана рұқсат беріледі. Көлік құралдарын пайдалануға жауап беретін лауазымды тұлғалар Жолда жүру ережесінің талаптарына сай олардың желіге шығуын жүзеге асыруға міндетті.

Рейске шыққанға дейін жүргізуші көлік құралының техникалық жағдайын толығымен бақылаудан өткізуі керек, содан кейін ғана машина көлік құралын желіге шығару жауапкершілігіне ие тұлғаға тексеру үшін жіберіледі.

Автомобиль көлігінде тасымалданатын адамдарды саны отыру үшін жабдықталған орындардан асып кетпеуі керек. Адамдарды тасымалдау кезіндегі қозғалыс жылдамдығы 60 км/сағаттан аспауы керек. Ұшақпен немесе тік ұшақпен тасымалданатын адамдардың саны байлайтын белдіктермен тартылған отыратын орындардың санына сай келуі керек. Тасымалдау кезінде топтың басшысы тағайындалады, бұл жөнінде ұшу туралы тапсырысқа қоса жолаушылар тізіміне арнайы жазу жазылады. Топтың басшысы ұшар алдында жұмысшыларға ұшаққа отыру мен түсудің ережелері туралы нұсқау өткізеді. Сонымен қатар топ басшысының міндетіне адамдарды отырғызып, түсіру, топтың автокөлік құралдарына жақындауына жетекшілік ету енеді.

Іздеу және барлау жұмыстарын, геофизикалық барлауды аэрофототүсіру кезінде жету қиын аудандарда адамдар мен жүктерді тасымалдау үшін авиациялы көлік кеңінен қолданылады. Авиациялы тасымалдаулар азаматтық авиацияның жалға алған ұшақтары мен тікұшақтарында орындалады. ЛИ-2, ЯК-12, АН-2, ИЛ-14, АН-12 ұшақтары мен МИ-4, МИ-6, МИ-8, КА-18, КА-26 тікұшақтары кеңінен пайдаланылады. Авиакөліктерді пайдалану туралы келісімге отырған геологиялық ұйымдар жұмыс орындарында қонатын учасоктарды дайындау үшін жауап береді және осы жерлерден ұшудың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Ұшу авиабөлімшенің командирі қол қойған бекітілген формада құрастырылған ұшуға берілген тапсырыстың негізінде ғана орындалады. Ұшуды ұйымдастырудағы басты талап қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Тапсырыста экипаждың құрамы, ұшудың мақсаты, оны орындаудың жағдайы көрсетіледі. Қозғалыс қызметі ұшуға рұқсат береді.

Теңіз жағалауындағы аудандар мен өзен желісі дамыған аудандарда геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу кезінде адамдар мен жүкті тасымалдауды су көліктерімен жүзеге асырады. Жүзгіш құралдар ретінде катерлер, баржалар, қайықтар пайдаланылады.

Теңіз және өзен кемелерін пайдалану жабдықталуға, кешенделуге, білікті экипажға сай болғанда және рұқсат қағазы болған жағдайда техниканың дұрыстығы толығымен дәлелденгеннен кейін рұқсат беріледі. Теңіз және өзен регистріне берілген ауданда катерлерді, моторлы және желкенді қайықтарды басқарып, пайдалануға арнайы құжатпен бекітілген құқы бар адамдарға ғана рұқсат етіледі.

Тасымалданатын жүктер дұрыс орналастырылып, мықтап байланып, бекітілуі керек. Кузовта жүктердің орнын ауыстыруға тыйым салынады.

Қозғалыс үрдісі қиындық тудыратын учасоктарда жүргізушілер алдыңғы жүргізуші мосты қосады. Бұл барлық автомобиольдің салмағын тұстасу ретінде пайдалануға мүмкіндік береді, мұнымен қатар дөңгелектің тұстасу күшін өзгесімен алмастыруға да мүмкіндік береді. Қозғалыс қиындық тудыратын учасоктарда жеткізгіштерді пайдаланады, жоғары берулер кезінде алдыңғы дөңгелектермен дамиды ауырлық күші тербелістің ақрылық күшіне төтеп беруге жеткіліксіз болады. Жолдың өтуі қиын учасоктарын арнайы құралдармен бекітеді. Күрделі жол жағдайларында автокөліктің жүруін жоғарлату үшін сырғып кетуден қорғайтын металлды шынжырлар кеңінен пайдаланылады. Конструкциясы бойынша олар ұсақ түйіршікті трапшты болады.

Жүктерді қозғалыс кезінде қауіп төндірмейтіндей, жүргізушіге кедергі жасамайтындай, түстік аспаптарды, номерлі белгілерді жаппайтындай, көлік құралдарының беріктігін бұзбайтындай етіп орналастыру керек. Жанғыш сұйықтықтарды цистерналар мен өзге де жабық металлды сыйымдылықтарда тасымалдау қажет. Жанғыш сұйықтықтарды тасымалдайтын көліктерде адамдардың болуына тыйым салынады. Жеңіл тұтанатын және өрт қаупі бар жүктерді тасымалдауға арналған автокөліктер мен автоцистерналар міндетті түрде екі от сөндіргішпен, металлды жерлендіретін тізбектермен жабдықталады. Сығылған газы бар баллондарды, жарылатын, радиоактивті, улы заттарды, өзге де қауіпті заттарды тасымалдау үшін милиция органдарынан рұқсат алу керек, ал көлік құралдарының техникалық жағдайын тексергеннен кейін жол парағына машинаның осы қауіпті заттарды тасымалдауға жарамдығы туралы арнайы жазба жасалынуы керек.

Сабақ №8

Электрлі қондырғылар мен ішген жанатын қозғалтқыштарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы

Геологиялық барлау жұмыстарында жылдан жылға артып келе жатқан электрлі қондырғылар мен электрлі жабдықтарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелерін бұзу адамдардың электр тоғымен зақымдануына әкелуі мүмкін.

Сәтсіз жағдайлар жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде электр қондырғыларының тоқ беретін бөліктерімен немесе сымдарына жақындаудың нәтижесінде болады. Сәтсіз жағдайлардың негізгі себептеріне ережеге сай жерлендіру жағдайының нашарлығы, тоқөткізгішті оқшаулауды бұзу, электрлі жабдықтармен біліктілігі төмен персоналдың жұмыс жүргізуі, қосқыштардың, тасымалдау шамдарының бұзылуы жатады. Электрлі жарақаттың нәтижесі негізінен төмендегі жағдайларға бағынышты болады:

- кернеу көлемінің жоғары болуы;
- тоқ әсерінің көлемі, туындауы, жиілігі мен ұзақтығы;
- тоқ жолының адам ағзасы арқылы орналасуы;
- адам ағзасының, сонымен қатар қоршаған ортаның, оның ылғалдылығы мен температурасының жағдайы.

Тоқ күші 10-30 мА болған кездегі 12 НОВ кернеудегі тоқтың тиюі қауіпсіз деп саналады. Мұнымен қатар адам ағзасына әсері 0,01-0,25- тен аспауы керек. Ауыспалы тоқ 450-500 В төмен кернеу кезінде тұрақты тоқтан қауіпті болады, ал бұл шектен жоғары болғанда ауыспалы және тұрақты тоқтың қауіптілігі бірдей болады. Қауіпті жиіліктің диапазоны 500 Гц шегінде болады, мұның ішінде өнеркәсіптік жиілік ең қауіпті болып табылады.

Адам үшін электр тоғының дене осі (қол-аяқ) бойынша немесе бас, жүрек, өкпе (бас-қол, қол-қол) арқылы өтуі өте қауіпті болады, ал аяқтан аяққа өтетін тоқтың қауіптілігі төмен болады. Дененің немесе киімнің шаршауы, ауыруы, ылғалдылығының жоғарлауы электрлі жарақаттың ауырлығын тереңдетеді. Керісінше, құрғақ, таза, зақымданбаған тері адам ағзасының электр тоғына қарсылығын жоғарлатады.

Электрлі күйіктер – электрлі доғаның маңында пайда болатын терінің, бұлшық ет ұлпаларының күйіктері, сонымен қатар күшті асақұлгін сәулеленудің нәтижесінде көздің күйі де жатады.

Әрекеттегі электроқондырғылардағы жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралар.

Электр қондырғылары мен желілеріне қызмет көрсету үшін дәрігерлік тексеруден өткен, жұмыстың қауіпсіз әдістерін үйренген, қауіпсіздік техникасы бойынша біліктілік тобын иеленген куәлік алған жасы 18-ден асқан адамдарға ғана рұқсат береді.

Білім деңгейі мен орындалатын жұмыстың күрделілігіне байланысты электротехникалық персоналға ҚТ бойынша I-У біліктілік топтары беріледі.

Мысалы, арнайы электротехникалық дайындығы жоқ, электр тоғының қауіптілігі мен тасымалданатын электринструментімен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы қарапайым түсінігі жоқ тұлғалар I біліктілік топқа ие болады. Электрқондырғыларына қызмет көрсететін тұлғалар кернеуі 1000 В жоғары қондырғыларда IV төмен емес және кернеуі 1000 В дейінгі қондырғыларда III төмен емес біліктілік тобына ие болу керек. Қауіпсіздік техникасы бойынша тиісті біліктілік тобына ие болуға міндетті, геологиялық ұйым жұмысшыларының кәсіптері мен инженерлік-техникалық қызметкерлердің лауазымдарының нақты тізімі.

Қоршаудың болуына тәуелсіз, жоғары және төмен кернеудегі барлық қондырғыларда ескерту плакаттарын (20 сурет) іліну керек. Оқшаулануының бұзылуынан кернеулі болуы мүмкін электрқондырғыларының және жабдықтардың барлық металл бөліктері жерге қосылу керек, ал кездейсоқ жанасуы мүмкін, ашық тоқ жүретін бөліктері қоршалу керек.

Электрқондырғыларына қызмет көрсету оқшаулаушы қорғаныс құралдарын – диэлектрлік қолғаптары, боттарды, галоштарды, резеңке кілемшелерді, оқшаулаушы түпқоймаларды қолданып жүргізіледі. Әр қолданудың алдында оларды сырттай тексеру қажет, сонымен қатар белгіленген мерзімде кезеңдік тексеру қажет.

Жөндеу жұмыстары кезінде жұмыс орнына кернеу берілуі мүмкін, барлық сөндірілген ажыратқыштарда «Іске қоспау! Адамдар жұмыс істеп жатыр» ескерту плакаттары іліну керек. Электржабдықтарын қосуға арналған ажыратқыштар қаптамалармен қапталу керек және ауырлық күшінің немесе тербелістің ықпалынан олардың өздігінен қосылмайтындай орнытылу керек.

Тоқ өтетін бөліктерге жанасуды және оларға қауіпті қашықтықта жақындауды болдырмау үшін, оқшауланбаған тоқ жүретін бөліктерді қаптамалармен, қоршаулармен, блокировкалармен және өзге құрылғылармен қорғау жүргізіледі немесе тоқ жүретін бөліктер қол жетпес биіктікке орнатылады. Оқшауланудың зақымдануы салдарынан, кернеуге түскен, электржабдықтарының металл тоқ жүрмейтін бөліктеріне жанасудан туындайтын электротравматизмнің алдын алу үшін, қорғаныстық жерге қосу, нөлдеу және қорғаныстық сөндіру қолданылады. Бұл ұғымдардың анықтамалары және қорғаныстық жерге қосу мен нөлдеудің көмегімен электрқауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша талаптар мемлекеттік стандарттармен ГОСТ 12.1.009-76 және ГОСТ 12.1.030-81 белгіленеді.

Қорғаныстық жерге қосу – кернеуге түсуі мүмкін, металл тоқ жүрмейтін бөліктерді жермен немесе оның баламасымен әдейі электрлік байланыстыру. Мұндай байланыстыру жерге

қосықыштар және жерге қосушы өткізгіштер арқылы жүзеге асырылады. Қорғаныстық жерге қосылған электрқондырғысының корпусының оқшаулау қасиетінен айырылған және оған адам жанасқан жағдайда тоқ жерге адам арқылы да, жерге қосу арқылы да өтеді. Алайда адамның кедергісі жерге қосқыштың кедергісі айтарлықтай артық болғандықтан, адам арқылы өтетін тоқ қауіпті болмайды.

Кернеуге түсетін бөлікшелерден оқшауланған, бірақ оқшаулануы бұзылғаннан кернеуге түсуі мүмкін, электржабдықтарының барлық металл бөліктері жерге қосылу керек.

Электрқондырғысының әр жерге қосылатын элементі жерге қосқышқа жеке жерге қосушы өткізгіштермен жалғану керек. Бірнеше жерге қосушы өткізгішті біртіндеп қосу мүмкін емес, өйткені бір жерге қосушы өткізгіш зақымданған кезде барлық қосылған жабдықтар жерге қосу жүйесінен істен шығарылуы мүмкін (21, 22 сурет). Жерге қосушы өткізгіштер ретінде қимасының ауданы 50 мм² сымды пайдалану ұсынылады. Жерге берік байланыстырылған, айналдырма құбырлар, металл конструкциялар, құбырлар, кабельдердің қорғасын қабаттары жерге қосқыштар болуы мүмкін. Сонымен қатар белгілі бір тереңдікке (0,5-1,5 м) қағылған болат құбырлар, бұрышты болат, көлденең салынған болат жолақтар, дөңгелек болат және т.с.с. қолданылуы мүмкін.

Жерге қосқыш ретінде жанғыш сұйықтығы, жанғыш және жарылыс қауіпті газдары бар құбырларды, сонымен қатар коррозиядан қорғау үшін оқшауланған құбырларды қолдануға тыйым салынады.

Қоршаудың болуына қарамастан жоғары және төмен кернеулі барлық қондырғыларға ескерту плакаттарын ілу қажет.

Қорғанышты жерлендіру – жермен немесе оның металлды тоқ өткізбейтін эквивалентімен электрлі қосу. Мұндай қосылыстар жерлендіргіштермен және жерлендіретін өткізгіштермен жүзеге асырылады. Қорғанышты жерлендіруі бар электрлі қондырғылардың корпусын оқшаулауды бұзған жағдайда және оған адам жақындағанда тоқ адам мен жерлендіру арқылы жерге өтеді. Бірақта адамның қарсылығы жерлендіргіштің қарсылығынан жоғары болса, онда адам арқылы өткен тоқ қауіпті болмайды.

Кернеудің астындағы бөліктерден оқшауланған электрлі жабдықтардың барлық металлды бөліктері жерлендіруге жатады. Электрлі машиналардың, трансформаторлардың, тарату щитінің каркастары, кабелдердің металлды қабықшалары, электрөткізгіштердің болат құбырлары, тұрмыстық және қоғамдық ғимараттардағы электрлік щиттер жерлендіріледі.

Жерлендіргіштер ретінде жанғыш сұйықтықты құбыр өткізгіштерді, жарылыс қауіпі бар газдарды пайдалануға тыйым салынады. Жерлендіргіш өткізгіштер дәнекерлеудің немесе сенімді болтты қосылыстың көмегімен электрлі жабдықтардың жерлендіретін элементтерімен қосылады.

Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу кезінде бұрғылау қондырғылары үшін тез орнатылатын жерлендіргіш қондырғылар пайдаланылады, ол әрқайсысы өзара байланысты өткізгіштермен қосылатын ұзындығы 80 см-лі 12 электродтан тұрады.

Қорғанышты өшірілулер – электр тоғымен зақымдану қауіпі туған кезде электрлі қондырғының автоматты түрде өшуін қамтамасыз ететін жылдам әрекетті қорғау.

«Геологиялық барлау жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік ережесінің» талаптарына сай зақымдалған участокты өшіруге 0,2 с уақыт беріледі.

Жоғары электрлік кернеу сызығының сымдарының жерге құлауы мен ойылымдары кезінде кадамдық кернеудің үлкен қаупі төнеді. Жерден үзілген сымдарды көрген кезде қауіпсіз жерге күзет қойып, болған жағдай туралы энерготехникалық қызметкерге хабарлау керек. Қауіпсіздік ережелері үзілген немесе жерде жатқан сымдарға әуе сызықтары үшін 20 кВ кернеуде 5 метрден аз қашықтықта жақындауға тыйым салынады.

ЛЭП желісі дамыған тұрғындар сирек орналасқан аймақтарда геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу кезінде электр желісінің маңында өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларының матчын көтеру кезінде адамдардың электр тоғымен жарақаттану қаупі туады. Қызмет көрсетуші персоналдарды осындай жарақаттанулардан сақтау үшін бұрғылау қондырғылары СОН-1, СОН-2, АСОН атты қауіпті кернеудің сигнал берушілерімен жабдықталады.

Нысандарды найзағайдан қорғау.

Найзағай көп жағдайда өрттің туындауына себеп болып, адамдар мен жануарлардың өлімін тудырып, құрылыстар мен ғимараттарды бұзады. Нысандарды найзағайдан қорғау қызметін жай тартқыштар атқарады. Жай тартқыштардың әрекеті найзағайдың өте биік және жақсы жерлендірілген металлды заттарды зақымдау қасиетіне негізделіп, найзағайдың тікелей соққысын қорғалатын құрылымнан ауытқытып, осы соққыны өзіне қабылдап, жерге жіберуімен жүргізіледі.

Жай тартқыш өзіне найзағайдың тікелей соққысын қабылдайтын қорғалатын құрылымның төбесіндегі найзағай қабылдағыштан және жерде орналасқан жерлендіргіш пен жай қабылдағышты жерлендіргішпен қосатын сым- тоқ тартқыштан тұратын қондырғы.

Найзағайман зақымдану қауіпінің деңгейі бойынша ғимараттар мен құрылыстар қауіпсіздік шарасының талаптарына байланысты үш санатқа бөлінеді.

4. Шанды болдырмау үшін не істеу қажет?
5. Массалы концентрацияны қалай түсінесіңдер?

Өндірістік сәулеленулер.

Иондаушы сәулеленулер радиоактивтілікке – кейбір химиялық элементтердің атомдық ядроларының көрінбейтін электромагниттік және коопускулярлық сәулеленулердің әр түрлерін шығарып ыдырау қабілетіне байланысты.

Радиоактивті заттарды сандық жағынан сипаттау үшін «белсенділік» ұғымы енгізілді. Радиоактивті заттың белсенділігі уақыт бірлігінде ыдырайтын ядролардың санымен анықталады. СИ жүйесіндегі белсенділіктің өлшем бірлігі секундтағы бір ядролық өзгеріс болып табылады. Бұл бірлік «беккерель» (Бк) атауына ие болды, өлшемі – s^{-1} . Бк еселік және үлестік туындылары қолданылады: эксабеккерель (ЭБк), петабеккерель (ПБк), терабеккерель (ТБк), гигабеккерель (ГБк), мегабеккерель (МБк), килобеккерель (кБк). $1 \text{ ЭБк} = 10^{18} \text{ Бк}$; $1 \text{ ПБк} = 10^{15} \text{ Бк}$; $1 \text{ ТБк} = 10^{12} \text{ Бк}$; $1 \text{ ГБк} = 10^9 \text{ Бк}$; $1 \text{ МБк} = 10^6 \text{ Бк}$; $1 \text{ кБк} = 10^3 \text{ Бк}$.

Уақыт өткен сайын радиоактивті заттардың атомдарының саны азаятындықтан, бұл заттардың белсенділігі төмендейді. Радиоактивті ыдырауға альфа-, бета-, гамма- және т.б. сәулелену түрлері қосақталады. Ауыр ядроларды реакторларда және элементар бөлшектерді үдеткіштерде бөлген кезде нейтрондық сәулелену болуы мүмкін. сәулеленулер табиғаты, энергиясы, орталарда таралу жылдамдығы, биологиялық әсерінің шамасы және өзге факторлар бойынша ерекшеленеді.

Ядролық физикада энергия бірлігі ретінде электрон-вольт бірлігін (эВ) қолданады. Электрон-вольт, 1 В потенциалдар айырмасынан өтіп, электрон ие болатын кинетикалық энергияға тең. Ядролық өзгерістерді сипаттаған кезде килоэлектрон-вольт (кэВ) және мегаэлектрон-вольт (МэВ) бірліктерін пайдаланады. $1 \text{ эВ} = 1,6 \cdot 10^{-19} \text{ Дж}$.

$$m_n = 1.675 \cdot 10^{-27} \text{ кг}$$

$$m_p = 1.673 \cdot 10^{-27} \text{ кг}$$

m- масса.

Химияда плутони ^{244}Pu

Альфа-сәулелену – бұл әрбіреуі екі протоннан және екі нейтроннан тұратын және оң заряды 2, гелий атомдарының ағыны. Альфа-бөлшектердің жүріп өтетін қашықтығы ауада 8-9 см құрайды.

Бета-сәулелену жарық жылдамдығына жақын жылдамдықпен қозғалатын, протондардың немесе позитрондардың ағыны болып табылады. Бета-бөлшектер теріс зарядқа ие. Ауадағы бета-бөлшектердің максималды жүріп өтетін қашықтығы 1800 см.

Радиотолқындар, көрінетін жарық, ультракүлгін және инфрақызыл сәулелер, рентген сәулеленуі сияқты, гамма-сәулелену вакуумда $3 \cdot 10^{10} \text{ см/с}$ жылдамдықпен таралатын электромагниттік толқындардың ағыны болып табылады.

Иондаушы сәулелену зат арқылы өтіп, ионизацияны, яғни оң және теріс иондардың түзілуін тудырады. Иондаушы сәулеленулердің әрекеті жергілікті және жалпы зақымдануды тудыруы мүмкін.

Терінің бір жерінің зақымдануы негізінен күйіктер (күшті әрекет), дерматиттер және т.б. формасында болады.

Жалпы зақымданулар күшті және созылмалы сәулелік ауру түрінде болады. Күшті формасына жалпы улану симптомдары (әлсіздік, жүрек айнуы және т.б.) және қан түзу мүшелерінің, ішек-асқазан жолдарының, жүйке жүйесінің және т.б. ерекше зақымдануы тән.

Иондаушы сәулеленудің затқа әсері сәулеленудің түрімен және сәулелену арқылы затқа берілген энергияның шамасымен сипатталады. Энергияны жеткізу өлшемінің қызметін иондаушы сәулеленудің сіңірілген мөлшері атқарады.

Сіңірілген мөлшер (D) – қандай да бір элементар көлемде сәулелену арқылы затқа берілген, осы көлемдегі заттың массасына бөлінген орташа энергия. СИ жүйесінде оны өлшеу үшін Грей (Гр) бірлігі қолданылады. Бір грей заттың бір килограммында сіңірілген бір джоульге тең (Дж/кг). Сонымен қатар еселік және үлестік бірліктер қолданылады. Уақыт бірлігіндегі сіңірілген мөлшердің өсімшесі сіңірілген мөлшердің қуаты деп аталады. Оны өлшеу үшін (Гр/с) бірлігі қолданылады.

Ауадағы фотондық сәулеленудің иондаушы әрекетін бағалау үшін дозиметриялық өлшеулердің тәжірибесінде экспозициондық мөлшердің бірлігін – 1 кг кулонды (Кл/кг) пайдаланады. Экспозициондық мөлшер (рентген немесе гамма-сәулеленудің) – ауаның шағын көлемінде фотондармен түзілген және осы көлемдегі ауаның массасына бөлінген, барлық екінші қатарлы электрондар толық тежелгенде ауада пайда болатын, бір белгідегі иондардың толық заряды. Экспозициондық мөлшердің қуаты Кл/(кг*с) өлшенеді.

Сыртқы альфа- және бета-сәулеленулерден қорғау. Бұл жағдайдағы міндет сыртқы сәулеленудің мөлшерін шекті ықтимал мөлшер шамасына дейін енемесе мөлшердің шегіне дейін төмендететін, қорғаныс қоршауларын құрудан тұрады. Радиоактивті заттар шығаратын альфа-бөлшектердің жүріп өтетін қашықтықтары өте қысқа болғандықтан, альфа-бөлшектермен сыртқы сәулеленуден қорғануды ұйымдастырудың қажеттілігі жоқ; сәулелену көзінен 9-10 см қашықтықта болса болғаны, альфа-бөлшектер жұмысшының денесіне түспейді. Киім-кешек, резеңке қолғаптар альфа-бөлшектермен сыртқы сәулеленуден толық қорғайды.

Сыртқы гамма-сәулеленуден қорғау. Альфа- және бета-сәулеленулермен салыстырғанда гамма-сәулелену айтарлықтай жоғары өтімділік қабілетке ие, соның салдарынан одан қорғануды қамтамасыз ету әлдеқайда қиынырақ.

Қорғаныс қызметін атқаратын заттың тығыздығы жоғары болған сайын, гамма-сәулеленудің әлсіреу дәрежесі соншалықты жоғары. Қорғаныс материалы міндетіне, конструктивтік ерекшеліктеріне, сонымен қатар сәулелену көзінің массасы мен көлеміне қарай таңдалады. Қорғаныс қаптамалары үшін қорғасынды пайдаланған дұрыс. Стационарлық қорғанысты құру кезінде бетон қолданылады.

Ішкі сәулеленуден қорғау. Радиациялық-химиялық жұмыстарда, уран кендерін өндегенде және т.с.с. орын алатын, ашық күйдегі радиоактивті заттармен жұмыс жасаған кезде олар ағза ішіне және тері жамылғысына түсуі мүмкін.

Бұл жағдайда қорғаныс шараларының кешені көзделу керек, олардың ішінде маңыздылары мыналар болып табылады:

- бөлмелерді тиімді жоспарлау, жабдықтарды құрастыру және герметизациялау;
- технологиялық үрдістерді қашықтан механикаландырылған басқару;
- радиоактивті шаңды басу және қармау;

- технологиялық үрдістер мен жеке жұмыс орындарын тиімді ұйымдастыру;
- радиоактивті қалдықтарды жинау мен жоюды дұрыс ұйымдастыру;
- бөлмелер мен жұмыс орындарының тиімді желдетілуін қамтамасыз ету;
- жеке бас тазалығы ережелерін сақтау, тыныс мүшелерін қорғаудың жеке құралдарын пайдалану.

Радиоактивті заттармен жұмыстар жүргізілетін бөлмелерді жоспарлау үлкен маңызға ие. Ашық күйдегі радиоактивті заттармен жұмыс жасау үшін жиі арнайы баспаналарды, сору шкафтарын, бокстарды, камераларды пайдаланады. Олардың ішкі қабырғалары кеуексіз материалдардан жасалады, олар оңай дезактивацияланады. 32 суретте екі жұмыс орнына арналған бокстың схемасы келтірілген.

Сұйық және қатты радиоактивті қалдықтарды жинау мен жоюды механизацияны максималды пайдаланып жүргізу қажет. Тасымалдау құралдарының ластануы жүйелі түрде тексерілуі керек және жүйелі түрде дезактивациялануы керек. Радиоактивті заттарды көму орындарының маңайында санитарлық-қорғаныс аймақтары ұйымдастырылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Радиоактив деген не?
2. Беккерель өлшем бірлігі неге тең?
3. Беккерель нешеге бөлінеді, олар неге тең?
4. Альфа, бетта, гамма сәулелеріне анықтама?
5. 1 эВ неге тең?
6. Сіңірілген мөлшер дегенді қалай түсінесіңдер?
7. Альфа, бетта, гамма сәулелерінен қалай қорғанамыз?

Сабақ №12

Жұмыс жүргізушілерді жеке және ұжымдық қорғау құралдары

Жеке қорғау құралдарына - жұмысшыларды зиянды әрі қауіпті факторлардан қорғауға арналған әртүрлі заттармен қамтамасыз ету жатады. Жеке қорғау құралдарын жабдықтың конструкциясымен, өндірістік үрдісті ұйымдастырумен, архитектуралы-жоспарлы шешімдермен және ұжымдық қорғау шараларымен жұмыстың қауіпсіздігі қамтамасыз етілмегенде пайдаланады. Жеке қорғау құралдары төмендегідей мәнге ие:

- адам ағзасы үшін қоршаған ортамен өте қолайлы қатынас құрып, еңбек қызметі үшін тиімді жағдайды қамтамасыз етуі керек;

- қауіпті әрі зиянды өндіріс факторларының көзі болмауы керек.

Жеке қорғау құралдары өздерінің белгісіне байланысты мынандай топтарға бөлінеді:

1. Оқшаулаушы костюмдер.
2. Арнайы киім мен аяқ киім.
3. Тыныс алу органдарын, қолды, басты, бет пен көзді, есту органдарын биіктен құлаудан қорғау, сонымен қатар өзге де сақтандыру құралдары.

Демалу мүшелерін, есту мүшелерін, көзді, басты жеке қорғану мүшелері.

Демалу мүшелерін жққ адамды ауа құрамында болатын әртүрлі зиянды қоспалардан сақтап және қажетті оттегімен қамтамасыз ету керек. Демалу мүшелерін жеке қорғаныс құралдарын таңдау жұмыс істеп жатқан жердегі ауаның құрамына, өндірістік үрдістің түріне және басқа да еңбек жағдайларына байланысты жүргізу тиіс. Демалу мүшелерін қорғау құралдары сүзгілі немесе изоляциялау аппараттары деп бөлінеді. Сүзгілі респираторлар ауадағы оттегінің құрамы жеткілікті және ондағы зиянды қоспалардың шектелуі мөлшерінде қолданылады.

Есту мүшесінің жққ шуға қарсы шлемдер және құлақшындар жатады. Өндірістік үрдістерді жүргізу барысында туындайтын шудың өте көп мөлшері болғандағы шуға қарсы шлемдерді қолданады. Мұндай жағдайларда құлақшындар қажетті қорғанысты қамтамасыз ете алмайды.

Көзді қорғау жққ арнайы қорғаныс көзілдіріктері жатады. Олар көзді қауіпті және зиянды факторлардан қорғау үшін қолданылады: шаңнан қатты ұнтақтардан, сұйықтықтардың шашылуынан, балқыған металлдардан, ультракүлгін сәулелерінен және т.б факторлардан. Қазіргі кезде көзілдіріктердің мынадай түрлері қолданыс табуда: ашық, желдетілетін жабық қорғанысты, герметикалық, күнқағарлы қорғанысты және т.б.

Басты қорғау каскалар мен шлемдер. Каскалар әртүрлі заттардан басты жаралап алудан қорғайды. Каскалар полиэтиленнен, текстолиттен және шынылы пластиктен жасайды.

Өндіріс үрдістерінің сипатының әртүрлілігіне байланысты жеке қорғау құралдарының да барлық түрлері пайдаланылады.

Арнайы киімдер адамның қолын, денесі мен аяғын механикалық әсерлерден (сығылу, кесу, дірілден, соққыдан және т.б.), майлы және мұзды беттерден сырғудан, жоғары және төмен температуралардан, радиоактивті заттардан, рентген сәулесінен, электр тоғынан, судан, шаңнан, улы заттардан, қышқыл мен сілтінің ерітінділерінен, зиянды биологиялық факторлардан, кене мен өзге де жәндіктердің шағуынан қорғауға арналған.

Арнайы аяқ киім сырғанаудан, механикалық және температуралық әсерлерден, дірілдің электр тоғынан қорғауға арналған. Геологтар үшін шалақ етіктерді, геологиялық етіктерді дайындайды, ал тау-кен жұмысшылары мен бұрғылаушылар үшін теріден, резеңкеден жасалған етіктерді дайындайды. Дірілден қорғайтын аяқ киім бірқатар мөлшерде адам ағзасына тік дірілдің әсерін төмендетеді. Арнайы киімдер теріні тігіркендіріп, жұмыс жүргізу кезінде қозғалысты қиындатпауы керек.

Геологиялық барлау жұмыстарының өндірісі кезінде брезент парусиналардан дайындалған арнайы киімдер бұрғылаушыларды сазды ерітінділердің суы мен майлардан қорғайды. Тау -кен жұмысшыларын жер асты қазындыларынан қорғау үшін су өткізетін немесе суды қабылдамайтын маталардан тігілген костюмдерді пайдаланады. Ыстық цехтарда жұмыс жүргізу үшін оттан қорғайтын маталардан тігілген арнайы киімдер пайдаланылады. Солтүстік аудандардағы ашық таулы жерлердегі жұмысшыларға арнайы жылы костюмдер тігіледі.

Кене, маслардың шаққанынан қорғану үшін арнайы энцефалитке қарсы костюмдерді киеді. Тері жабындыларын кене мен қан сорғыш жәндіктерден қорғау үшін накомарниктер мен осындай жәндіктерді қуатын арнайы сұйықтық пен майларды пайдаланады.

Қорғаныш каскалары жұмысшының басын соққыдан қорғауға арналған.

Каскалар үшкір заттармен соққыға төзімді, жанбайтын, ыстыққа және аязға төзімді болуы керек.

Шаңға қарсы респираторлар демалатын ауаны құрамындағы шаңнан тазартуға арналған жартылай маскалар. Шаңға қарсы респираторларға қойылатын талаптар: демалатын ауаны жіберілген концентрацияға дейін тазарту; массасының аз болуы; респиратордың материалы терінің тітіркенуін тудырмауы керек.

Қорғанышты көзілдіріктерді көзді механикалық зақымданулардан сақтану үшін киеді. Екі жіңішке шынылардан тұратын «триплекс» шынылы көзілдірікті киген жөн, екі шынының арасында арнайы құрамның көмегімен мөлдір үлдір «бутафоль» бекітілген, оның сыну коэффициенті де шынынікіндей.

Тізеге, шынтаққа, белге тағатын құралдар сақтандыру мақсатындағы қосымша құралдар болып табылады. Олар қысқыштардың көмегімен арнайы киімдерге бекітіледі. Оларды жерасты тау қазындыларында пайдаланады. олар өнеркәсіпте арнайы резиналардан дайындалады.

Арнайы киімдер мен арнайы аяқ киімдерді берудің мөлшері. Арнайы киімдер, аяқ киімдер мен сақтандыру мақсатындағы құралдар қатаң түрде

бекітілген салалық нормалар мен пайдалану уақытына сай жұмысшылар мен қызметкерлерге тегін беріледі. Жылы арнайы киімдер мен аяқ киімдер суық жағдайда жұмыс жүргізуге арналған. Мұндай киімдерді суық кетіп, күн жылынғаннан кейін кәсіпорынға қайта тапсырулары керек. Кәсіпорын бұл киімдерді тазалап, дезинфекциялап, келесі жұмыс мерзіміне дейін даярлап қоюы керек.

Жұмысшылар мен қызметкерлерге берілген арнайы киімдер мен аяқ киімдерді және сақтандыру құралдарын сақтау үшін кәсіпорынның әкімшілігі арнайы жабдықталған орындарды берулері керек.

Арнайы киімдерді, аяқ киімдер мен сақтандыру құралдарын жуып, дезинфекциялап, жөндеуді кәсіпорын есебінен бекітілген мерзімде жүзеге асырады.

Бақылау сұрақтары:

1. Жеке қорғау құралдары қандай мәнге ие?
2. Жеке қорғау құралдары қандай бөлімдерге бөлінеді?
3. Шаңға қарсы қандай маскалар қолданылады?
4. Есту мүшесін қорғау үшін не қолданылады?
5. Арнайы киімдерге не жатады?

IV бөлім. Өртке қарсы қорғаныс негіздері

Сабақ №13

Жану және заттардың өрт қасиеттері.

Жану - әдетте жарықпен жылудың көп мөлшерін бөлу арқылы жүретін тотығудың химиялық реакциясы. Жану пайда болу үшін жанғыш заттар, тотықтырғыш, жылу импульсы, туындатушы реакциялар қажет.

Қатты және сұйық заттардың жану үрдісі қатты және сұйық заттардан тыс жанатын және жылудың әсерімен жанғыш заттар ыстық сәулелерді бөледі.

Жанудың түрлері: тұтану, жалындау, өздігінен жалындау, өздігінен жану, жарылыс.

Өздігінен жану тұтану көзісіз заттың жануына әкелетін ішкі экзотермиялық реакциялардың жылдамдығының күрт арту құбылысы. Өздігінен жану температурасы - экзотермиялық реакциялардың жылдамдығының күрт артуы жүретін температура, бұл заттардың жануының пайда болуына әкеледі. Өздігінен жану тотығудың нәтижесінде жүретін жылудың жинақталуы қоршаған ортада жиналған жылудың шашылымынан артқан кезде пайда болады. Тас көмір мен қоңыр көмір, шымтезек, ағаштың ұнтақтары, майланған материалдар өздігінен жануға жатады.

Жарылыс - механикалық жұмысты жүзеге асыру мүмкіндігіне ие сығылған газдардың түзілуі мен энергияның бөлінуімен жүретін өте тез химиялық өзгерістер. Өндірісте түзілетін газдар мен булар ауамен қосылғанда жарылыс қаупі бар концентрациялар түзеді. Осы қоспалардың жарылыс қауіптілігінің параметрлерін анықтау үшін жарылымдылықтың төменгі және үстіңгі шектері жөніндегі түсініктері болады. Бірқатар газдар мен сұйықтықтар үшін жарылымның шектері мынандай:

Газ сұйықтық	Төменгі шегі	Жоғарғы шегі
Метан	5,0	16,0
Ацетилен	3,5	82,0
Бензин А-66	0,3	5,1

Жарылыстың төменгі шегі деп жарылыстың болуы мүмкін болатын төменгі концентрацияны айтады, ал жоғарғы деп ең жоғарғы мүмкіндікті айтады, одан артық жарылыстың болуы мүмкін емес.

Өндірісте түзілген шаң (көмірлі, сульфидті) ауамен қосылғанда жарылыс қаупін төндіреді.

Шаңның жарылысының төменгі шегі деп 1 м³ ауаға граммен көрінетін оның төменгі концентрациясын айтады.

Шаңның жарылысының жоғарғы шегі 1 м³ ауаға бірнеше килограмм мәнмен көрінеді. Жану деңгейі бойынша материалдар мен концентрациялар үш топқа бөлінеді:

Жанбайтын материалдар оттың немесе жоғары температураның әсерімен жалынданбайды және бықсып, ісінбейді.

Қиын жанатын материалдар оттың немесе температураның әсерімен қиын жалындайды, бықсып, ісінеді және көзі болған уақытта ғана жанып, ісінеді, ал оттың көзін алып тастағаннан кейін жану мен ісіну тоқтайды.

Жанатын материалдар оттың немесе жоғары температураның әсерімен жанады немесе бықсиды, оттың көзін алып тастағаннан кейін де жанып, бықсуын тоқтатпайды.

Құрылыс конструкцияларының отқа төзімділігінің шегі уақыт бойынша анықталады.

Өрт және жарылыс қаупі бар заттарды сақтаудың ережесі.

Жанғыш - бояулы материалдардың қоймасын орнату кезінде әрекет етіп тұрған құрылыс нормалары мен ережелерін жетекшілікке алу керек.

Қойманың территориясы құрғақ шөптер мен өзге де жанғыш материалдардан тазартылып, 2 метрден артық биіктіктегі қақпалармен және

ені 1 метр, тереңдігі 0,5 метр шұңқырлармен қоршалуы керек. ЖБМ ашық қоймалары өндіріс нысандары мен жергілікті жерлердегі белгілерден төмен белгілерге ие жерлерге орналастырылады. Жанғыш сұйықтықтардың ағып кетуінен қорғау үшін сәтсіз жағдайларда бұл жерлерге шұңқырларды қазып қояды. Қойманың территориясында ашық отты пайдаланып, шылым шегуге тыйым салынады. Көрінетін жерлерге ескерту жазбалары ілініп, өрт сөндіру және қорғау құралдары орналастырылады. Жұмыс участогіндегі ЖБМ сақтауға арналған жерлер лагерлерден, бұрғылау қондырғыларынан, автокөлік тұрақтарынан, дизельді электростанциялардан 50 метр қашықтықта орналасуы керек, олардың айналасына шұңқырлар қазылып қойылады. Көрінетін жерге «Өрт қаупі бар! Шылым шегуге болмайды!» деген плакаттар ілінеді.

ЖМ қоймаларының территориясында, сонымен қатар оның маңында 50 метр радиуста орман, құрғақ шөп шабылып, жанатын дүниелер жойылуы керек. өрттен қорғау үшін әрбір ғимараттың маңына 5 метрден аз қашықтықта дерн алынып, бүкіл территория ені 1,5-3 метр және тереңдігі 0,5-1 метр болатын шұңқырлармен қоршалады.

Қоймаларда өрт пайда болған жағдайда адамдардың әрекет ету тәртібі туралы нұсқаулар ілінуі керек.

Бақылау сұрақтары:

1. Жану дегеніміз не?
2. Жанудың түрлерін атаңдар?
3. Жарылыс дегенді қалай түсінесіңдер? '
4. Жарылыстың төменгі шегі деп нені айтамыз?
5. Жарылыстың жоғарғы шегі деп нені айтамыз?
6. Жанатын материалдарға анықтама беріндер?
7. Жанғыш қасиетін қалай түсіндіресіңдер?
8. Өртен қорғау үшін алғашымен не істеу керек?
9. Автокөлік тұрақтарында қандай ескертулер болуы керек?
10. Метанның төменгі шегі нешеге тең?

Сабақ №14

Өнеркәсіп кәсіпорындарындағы өрттің алдын алу.

Өнеркәсіп кәсіпорындарының бас жоспарларын жобалау кезіндегі өрттің алдын алу шараларына территорияны белдемдеу мен өртке қарсы жарылымдардың қондырғыларын, өртке қарсы шектеулер мен өртке қарсы жабындарды, ғимараттардағы өртке қарсы белдемдерді, арнайы жолдар мен өртке қарсы есіктер мен өрттік басқыштарды жатқызады. Көлік құралдары жанған жағдайда отты тез жою мақсатында әрбір автокөлік пен трактор от сөндіргіштермен жабдықталуы керек, ал тез тұтанатын және өрт қаупі бар материалдарды тасымалдайтын автокөліктер екі от

сөндіргіштермен жабдықталуы қажет. Қаланың, ауылдың немесе кәсіпорынның өрт командасын және ерікті өрт дружинасын жедел түрде шақыру үшін байланыстың техникалық құралдарымен: телефон, радио, электрлі өрт сигнализациясын пайдалану қажет.

Қолды өрт хабарлағыштарының ішінен ПКИЛ - 4М - 1 және ПКИЛ - 9 хабарлағыштарын пайдаланады. Бұл жағдайда өрт командасын шақыру үшін хабарлағыштың шынысын шағып, кнопканы кері жауап бергенге дейін ұстау керек, содан кейін сигнал автоматты түрде өрт депосына беріледі, онда өрт болған жерде көрсетіледі.

Автоматты түрде хабарлағыштардан ТРВ түріндегі хабарлағыштар, ДТЛ түріндегі жеңіл балкитындар, ДСП-ОЗБ түріндегі өрт сигнализациясын бергіштер, ПОСТ-1 автоматты жылу хабарлағышы қолданылады.

Өртке шалдыққан адамдарды тасымалдау үшін өте қауіпсіз жолдарды: басқышты торлар, есіктер және т.б. таңдайды. Адамдарды тасымалдауды ұйымдастыру, тасымалданушыларды ғимараттардан шығарумен өрт сөндірушілер мен ЕӨД мүшелері атқарады.

Өрт қаупі бар технологиялық үрдісті өндірістік ғимараттарды жеке топтармен кәсіпорын территориясында ұйымдастырған жөн. Кәсіпорын территориясын белдемдеу кезінде жергілікті жердің бедерпішіні міндетті түрде есепке алынуы қажет. Жеңіл тұтанатын сұйықтықтың қоймаларын төмен жерлерге орналастыру қажет, себебі өрт кезінде аққан жеңіл тұтанатын сұйықтық өзінен төменде орналасқан нысанға ағып кетпеуі керек. Оттың өндіріс ғимараттарына таралып кетпеуінің алдын алу үшін өртке қарсы қабырғалар мен белдемдерді, жабындар мен есіктерді пайдаланады.

Кәсіпорынды өрттен қорғау.

Өрттен қорғау - тікелей өртті өшіру және алдын алу шаралары арқылы өртпен күрестің өте тиімді әдістерін іздеп, жүзеге асыру. Кәсіби өрттен қорғау қуатты техникалық құралдары бар әскерилендірілген өрт сөндіру командаларымен көрінеді.

Барлық қалаларда, жұмыс поселкалары мен ірі кәсіпорындарда өрттен қорғау бөлімдері болады, олар өртті сөндіріп, қызмет көрсететін территорияларда өртке қарсы іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

Кәсіпорын мен өзге нысандарды өрттен қорғаудың міндеттеріне өрттің пайда болып, таралуы мүмкін деген себептерді тауып, алдын алу және оларды тиімді сөндірудің жағдайын қалыптастыру; өртті сөндіріп, олардың салдарын жою.

Мемлекеттік өртті бақылау органдарына мынандай міндеттер жүктеледі: өрттен қорғауға арналған ережелер, нормалар мен нұсқауларды дайындап, шығару және олардың орындалуын жүйелі түрде бақылау; ғимараттардың құрылысы мен оларды жобалау кезіндегі өртке қарсы қорғаудың талаптарының орындалуын тексеру; өрт сөндіру құралдарының дұрыстығы мен өрттен қорғау командасының күрес мүмкіндіктерін тексеруден өткізу.

Мемлекеттік бақылау органдарына барлық өнеркәсіптік және тұрмыстық нысандарды тексеруден өткізу құқы, сонымен қатар ақшалай айыппұл салу құқы беріледі, өрттің қаупі туындаған жағдайда кәсіпорынның жұмысын тоқтату өртке қарсы нормаларды орындамағаны үшін лауазымды тұлғаларды жауапқа тарту құқы беріледі.

Қалалар мен ірі өнеркәсіп нысандарында өртті сөндіру мен оның алдын алу әскерилендірілген, әскерилендірілмеген және ведомствалық кәсіби өрт күзетімен жүзеге асады.

Өрт күзетінің бұл түрлерінің бөлімдері арнайы оқытылған күрескерлерден тұратын командалармен кешенделіп, адамдарды қорғап, өртті сөндіруге арналған қажетті техникамен жабдықталған. Ұйымдар мен кәсіпорындарда өртке қарсы тәртіпті сақтау жауапкершілігі жетекшілерге жүктеледі, бұрғылау қондырғыларының, шахталар мен шеберханалардың, гараждар мен өзге де өндірістік нысандардың және жұмысшы поселкаларының жетекшілеріне жүктеледі. Ұйым жетекшілерінің, экспедиция, партия, шеберхана, зертхана басшыларының міндеттеріне жұмысшылары мен қызметкерлеріне өрт қауіпсіздігінің ережелерін, өртке қарсы тәртіпті сақтауды үйретіп, өрт туындаған жағдайда дұрыс әрекет ете білуді қамтамасыз етулері керек. Өрт қауіпсіздігіне жауапты тұлғалар ғимарат пен ауысым аяқталғаннан кейінгі жұмыс орындарының тазалығын, жылыту құбырларының дұрыстығын тексеріп, бақылауға алуы керек.

Жұмысшыларға ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне сай қызмет көрсетілетін участок пен жұмыс орнындағы өрт қауіпсіздігінің талаптарын сақтау жауапкершілігі артылады.

Өндірістік мекемелерді өрттен қорғау оларды жобалау кезінде қарастырылып, отқа төзімді құрылыстарды, конструкцияларды таңдап, пайдалану жолдарын жоспарлауда, өртті сөндіру жүйесін таңдауда белгілі шешімдерден тұрады.

Кез-келген өндіріс кезінде территория мен ғимараттарда тазалық пен тәртіпті сақтау керек.

Едендер, стеллаждар құйылып қалған жеңіл тұтанатын және жанғыш сұйықтықтардан жүйелі түрде тазартылуы керек. Мұнай өнімдерін құю орынын қорғап, құммен жауып тастайды.

Ғимараттарға, су көздеріне, өртке қарсы құрал-жабдықтар орналасқан жерлерге кіріп-шығу үнемі бос болуы керек, ал қыстың күні мұндай жерлер қардан тазартылуы қажет. Ғимараттардың арасындағы өртке қарсы жарылымдарды материалдар мен жабдықтардың қоймасына, автокөлік тұрақтарына айналдыруға тыйым салынады.

Жанар-жағармайды сақтауға арналған жерлер өндіріс нысандарының территориясынан 50 метр қашықтыққа орналастырылуы керек, ол жерлерге міндетті түрде «Өрт қауіпі бар! Шылым шегуге болмайды!» деген плакаттар ілінуі қажет.

Шылым шегу үшін арнайы орындар беріледі.

Жұмыс аяқталғаннан кейін барлық өндірістік мекемелер ҚЕ жауап беретін тұлғалармен толығымен қарастырылуы керек, өрттің туындауына әкелетін кемшіліктерді тапқан жағдайда оны тез арада жойуы керек. Өрт- техникалық комиссиясы кәсіпорын жұмысшыларынан құрылады: оның құрамында бас инженер (жетекші), өрт күзетінің басшысы, инженер-техник жұмысшы-энергетиктер, технолог, ҚТ бойынша инженер механик болады.

Өрт-техникалық комиссияның негізгі міндеті нысанның өрт күзетіне өрттің алдын алу жұмыстарын жүргізуге, өртке қарсы ережелерді оқуды насихаттауда, технологиялық үрдістер мен агрегаттардың жұмысында, зертханалар мен шеберханалардың қондырғыларында, базалар мен қоймаларда өртке қарсы бұзылымдарды табуда көмек беру.

Осы мақсатпен өрт-техникалық комиссиясы кәсіпорында ҚЕ қамтамасыз етудің іс-шараларын дайындап, жүргізеді; барлық өндірістік құрылымдарды, зертханалардың қоймаларын

жүйелі тексеруден өткізіп, агрегаттардың, электршаруашылықтарының, жылыту жүйелерінің, желдеткіштің жұмысын тексеріп, жұмысшы-қызметкерлермен өртке қарсы тақырыптарда лекциялар өткізіп, әңгіме жүргізеді.

Бастапқы (кіріспе) нұсқауға нысанда әрекет ететін өртке қарсы ережелер мен нұсқаулар, өрт қауіпсіздігінің шаралары, өрт сөндіру құралдарын пайдалану ережелері, өрт сигнализациясы мен байланысы енеді.

Екінші нұсқау нысанның өрт қауіпсіздігіне жауапты тұлғалармен жұмыс орнында жүргізіледі. Бұл нұсқауда өртке қарсы тәртіпті сақтаудың нақты шаралары хабарланып, жанған кездегі әрекет пен өрт сөндіру мен байланыс құралдарын орналастыру көрсетіледі.

Нұсқау аяқталғаннан кейін нұсқаушыдан алынған білім мен іскерлікті тексеру жүзеге асырылады. ҚТ шараларын сақтау нұсқауынан өтпеген тұлғалар жұмысқа жіберілмейді.

Бақылау сұрақтары:

1. Өрт болғанда қандай хабарлағышты пайдаланады?
2. Өртке шалдыққан адамдарды тасымалдау үшін қандай жолдарды талдайды?
3. Өрт қауіпсіздігін бақылайтын мемлекеттік органдарды атаңдар
4. Өрттен қорғау ережелерін сақтамағаны үшін кәсіпорын жетекшілері қандай жауапкершілікке тартылады?
5. Өртке қарсы нұсқау жүргізу бағдарламасына қандай сұрақтарға кіреді?

Сабақ №15

Өртті сөндіру құралдары.

Өртті сөндіру үрдісі екі кезеңге бөлінеді: оқшаулану және жою. Өртті оқшаулау өрттің ошағын қоршап, оның көрші участоктар мен ғимарат элементтеріне таралуын тоқтатумен жүреді. Өртті жою таралу тоқталған кезден басталады, ал өрттің қоршалған ошақтарында температураның одан ары төмендеуі жүреді.

Өрт өшіргіш заттар ретінде өртті сөндіру үшін жанғыш газдардың, мұнай мен мұнай өнімдерінің, қатты заттардың өртенуін сөндіру үшін компактті тамшылар түрінде су мен мұнай және мұнай өнімдерін өшіру үшін химиялық көбіктер; қатты заттар мен мұнай және мұнай өнімдерін өшіру үшін әуе-механикалық көбіктер; металл мен оның қорытпаларын, мұнай және мұнай өнімдерін өшіру үшін құмды және көмірқышқылды, инертті, жанғыш газдарды, электржабдықтарын, сулы буды пайдалануы керек.

Су - өртті сөндірудің қолайлы әрі кең таралған түрі. Судың өрт өшіретін әсері ол ыстық затқа түскеннен кейін оны тұтану температурасынан төменде суытады.

Жану ошағына судың көп мөлшерін беру жалынды бөліп, ыстық заттарды олардың тұтану температурасынан төмен деңгейінде суытуға мүмкіндік береді. Шығындалған судың жартысы жану ошағында буланып, будың бұлтын түзеді, оның көлемі судың көлемінен 1800 есе үлкен. Мұндай бу тәрізді бұлт оттегінің ыстық затқа түсуіне кедергі жасайды.

Өртке қарсы сумен қамтамасыз ету - бұл ғимараттың сыртындағы немесе ішіндегі өртті жоюға қажетті тәуліктің кез-келген уақытында суды өрт болып жатқан жерге жеткізетін қондырғының кешені.

Өртті сөндірудің химиялық құралдарына химиялық көбік, әуе-механикалық көбік; газды және тұманды жағдайдағы көмірқышқылы, құрғақ химиялық ұнтақтар жатады. Көбіктің өрт сөндіргіштік қасиеті ол ыстық затты жаба отырып, оны ауаның оттегісінен оқшаулап суытады.

Әуе-механикалық көбік ауамен толтырылған бекітілген көбікшелерден тұрады.

Химиялық ұнтақ тәрізді заттар жанған электрқозғалтқыштарын, желілер мен іштен Жану двигательдерін, ацетилин мен өзге де сумен өшіруге болмайтын заттар үшін қолданылады.

Көмірқышқылды өрт сөндіргіш жабық мекемелердің ішіндегі жанғыш химиялық заттарды өшіріп, іштен жану двигательдері мен электрлі жабдықтардағы өртті сөндіруге арналған қол аппараты болып табылады.

Сулы оқпандар судың тамшысын бағыттауға арналған.

Гидропулт сутамшысымен жаңа басталған өртті сөндіруге арналған.

Гидропулт бір адам іске қосатын, екіншісі ствольщик қызметін атқаратын қолды бір цилиндрлі сорғыш.

Қолды өртті сорғыш - кеңінен таралған қолмен әрекет ететін екі цилиндрлі болады.

Мотопомптар - іштен жану двигательімен іске қосылатын сумен өртті өшіруге арналған механикаландырылған агрегаттар.

Жүк автокөлігінің шассасында жөнделген автосорғыштар өрт болған жерге жеке құрамды жеткізуге арналады.

Спринклерлі қондырғы белгілі бір қашықтықта спринклерлі бастары бұрылып келетін су өтетін құбырлардың торабы.

Дренчерлі қондырғы - дренчерлі бастар қосылған саңылаулары бар құбырлар жүйесі.

Бақылау сұрақтары:

1. Өрт сөндіру үрдісі нешеге бөлінеді?
2. Оқшаулау дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Суға қандай анықтама бересіңдер?
4. Өртен қорғаудан қандай тәсілдерді білесіңдер?
5. Қанша нұсқау білесіңдер, оларға анықтама айт? ырлар жүйесі.

Сабақ 16.

Өрт қорғанысын ұйымдастыру

Өнеркәсіп кәсіпорындарындағы өрттің алдын алу.

Өнеркәсіп кәсіпорындарының бас жоспарларын жобалау кезіндегі өрттің алдын алу шараларына территорияны белдемдеу мен өртке қарсы жарылымдардың қондырғыларын, өртке қарсы шектеулер мен өртке қарсы жабындарды, ғимараттардағы өртке қарсы белдемдерді, арнайы жолдар мен өртке қарсы есіктер мен өрттік басқыштарды жатқызады. Көлік құралдары жанған жағдайда отты тез жою мақсатында әрбір автокөлік пен трактор от сөндіргіштермен жабдықталуы керек, ал тез тұтанатын және өрт қаупі бар материалдарды тасымалдайтын автокөліктер екі от сөндіргіштермен жабдықталуы қажет. Қаланың, ауылдың немесе кәсіпорынның өрт командасын және ерікті өрт дружинасын жедел түрде шақыру үшін байланыстың техникалық құралдарымен: телефон, радио, электрлі өрт сигнализациясын пайдалану қажет.

Қолды өрт хабарлағыштарының ішінен ПКИЛ - 4М - 1 және ПКИЛ -9 хабарлағыштарын пайдаланады. Бұл жағдайда өрт командасын шақыру үшін хабарлағыштың шынысын шағып, кнопканы кері жауап бергенге дейін ұстау керек, содан кейін сигнал автоматты түрде өрт депосына беріледі, онда өрт болған жерде көрсетіледі.

Автоматты түрде хабарлағыштардан ТРВ түріндегі хабарлағыштар, ДТЛ түріндегі жеңіл балқитындар, ДСП-ОЗ6 түріндегі өрт сигнализациясын бергіштер, ПОСТ-1 автоматты жылу хабарлағышы қолданылады.

Өртке шалдыққан адамдарды тасымалдау үшін өте қауіпсіз жолдарды: басқышты торлар, есіктер және т.б. таңдайды. Адамдарды тасымалдауды ұйымдастыру, тасымалданушыларды ғимараттардан шығарумен өрт сөндірушілер мен ЕӨД мүшелері атқарады.

Өрт қаупі бар технологиялық үрдісті өндірістік ғимараттарды жеке топтармен кәсіпорын территориясында ұйымдастырған жөн. Кәсіпорын территориясын белдемдеу кезінде жергілікті жердің бедерпішіні міндетті түрде есепке алынуы қажет. Жеңіл тұтанатын сұйықтықтың қоймаларын төмен жерлерге орналастыру қажет, себебі өрт кезінде аққан жеңіл тұтанатын сұйықтық өзінен төменде орналасқан нысанға ағып кетпеуі керек. Оттың өндіріс ғимараттарына таралып кетпеуінің алдын алу үшін өртке қарсы қабырғалар мен белдемдерді, жабындар мен есіктерді пайдаланады.

Бақылау сұрақтары:

1. Өрттің алдын алу шараларына не жатады?
2. Өрт сөндіру автокөліктері немен жабдықталуы қажет?
3. Өртке шалдыққан адамды тасымалдау тәртібі?
4. Белдемдеу дегеніміз не?

V бөлім Геологиялық барлау жұмыстарының жеке түрлерін жүргізгендегі қауіпсіздік техникасы

Сабақ №17

Геологиялық суретке түсіру, іздеу және барлау жұмыстарындағы қауіпсіздік шаралары

Дала лагерін ұйымдастыру кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

Дала партиясының немесе отрядының қызметкерлерінің өнімді жұмысы мен дұрыс демалысын қамтамасыз етуде лагерлі тұрақтарды дұрыс ұйымдастыру үлкен роль атқарады.

Лагер қатты желден қорғалған маңында сумен қамтамасыз ету көздері бар құрғақ участоктарға орналастырылуы керек. Лагерлерді таулы жерлерге орналастыру сырғыма, шашылым, көшкін қауіпі жоқ орындарда тәжірибелі жолсеріктің жетекшілігімен жүргізілуі қажет. Тау шыңдарында, сел қауіпі бар аймақтарда, өзен аңғарларына, тау баурайларына лагерлерді орналастыруға тыйым салынады. Күркелерді тас құлайтын жерлерден қорғалған тегіс аймақтарға орнату керек.

Орман алқаптарында күркелерді тігу ұсынылмайды, себебі бұл жерлерде масса, шыбын-шіркей көп болады, жаңбыр жауғаннан кейін күркелер нашар кебеді. Сонымен қатар бұл орындарда өрт қауіптілігі басым және әуеден жылдам танылмайды. Маршруттан қайтқан кезде де орманда орналасқан лагерді табу қиын. Лагерлерді ашық алаңдарда орналастырған жөн. Лагерлерді құрғап қалған ағаштардың жанына орналастыруға қатаң түрде тыйым салынады, себебі қатты жел соққан кезде олардың құлап қалуы мүмкін. Кене энцефалиті таралған орындарда, бұталар өскен территорияларда тұрақтарды орнатуға тыйым салынады. Өзен суының кенеттен көтеріліп кетуі мүмкін екендігін ескере отырып жайылмаларға, су басатын аралдарға, төмен жағаларға тұрақтар орнатуға болмайды.

Дала мен шөлді жерлерде лагер орнату үшін шөптер өскен, желден қорғалған аймақтар, сонымен қатар қия жартастар мен беткейлер көлеңкелеп тұрған жерлер ұсынылады. Ең жақсысы лагерлерді барқан, шағыл, қорғандардың жел жағында орналастырған жөн.

Биік жерлерде бағдар жасау үшін ашық түсті жалаумен белгі қою керек.

Тундрада лагерді төмен құрғақ емес участоктардан алыстағы су бөлімшелерінде, құрғақ өзен террасаларында орнату керек.

Лагерлерді орналастыруды ерте, қараңғы түскенге дейін 1,5-2 сағат бұрын орналастыру қажет. Бұл жерлер биік шөптерден, ағаштар мен тастардан, шұңқырлар мен улы жыландар мен жәндіктерден тазартылуы қажет.

Күркелердің бір-бірінен алшақтығы 3 метр болып, қазықшалармен мықты бекітіліп, су ағысы үшін жыралар қазылуы қажет.

Масалар мен шыбын-шіркейлерден қорғану үшін күркелерді шыбын-шіркейді қуатын заттар – репелленттермен дымқылдау қажет.

Лагерлердің шекаралары далалық бөлімшенің жетекшісімен анықталады. Лагерді өзге жерге ауыстырған жағдайда алдын ала барлық жұмысшыларға жаңа лагердің орыны мен оған баратын жол көрсетіледі. Ауа-райы қолайсыз болған жағдайда (тұман, жауын-шашын) отряд қозғалысын тоқтатып, қауіпсіз жерді таңдап, уақытша лагер орнатуы қажет.

Маршруттар – іздеу-түсіру жұмысының негізгі түрі. Жұмыстың осы түрін жүргізу кезінде жиі туындайтын негізгі өндірістік қатерлер ең алдымен жұмыс ауданының табиғи-климаттық, метеорологиялық және орогеникалық жағдайымен анықталады.

Жарақаттарды сараптау көрсеткендей маршрут кезіндегі сәтсіз оқиғалар таулы, таулы-ну орманды, орманды аудандарда, өзендерден өткенде және т.б. жағдайларда өтеді.

Іздеу-түсіру жұмыстары кезінде өндірістік жарақат алу ұйымдастыру тәртібінің себептеріне негізделеді.

Маршруттар аз дегенде екі адамнан тұратын маршруты топтармен орындалады. Маршруттарды жалғыз жүргізуге қатаң тыйым салынады.

Әрбір топтың мол тәжірибесі бар басшысы болады. Бүкіл дала кезеңіне тұрақты маршруты топтарды құру қажет.

Маршрутқа енетін жұмысшыларды жетекші ауданның ерекшеліктері мен қозғалыс кезіндегі қауіпсіздік шараларын сақтау туралы нұсқаумен таныстыруы қажет. Маршрутты топтарға қатысушыларды алдын –ала арнайы жабдықтарды пайдаланып, жергілікті жерге бағдар жасап, кездескен қиындықтардың алдын ала білуге үйрету қажет. Топты маршрутқа жіберердің алдында партия басшысының өзі топтың алдағы жұмысқа дайындығын, жергілікті жердің картасымен, құрал-жабдықтармен, азық-түлікпен, сигнал, қорғау, құтқару құралдарымен, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілуін тексеруі қажет.

Маршрутты топтың әрбір өкілінде жеке пакет, пышақ пен су болып қалмайтындай қорғалған сіріңке болуы керек.

Қозғалыс кезінде бір-бірін жақсы көру үшін жұмысшылар ашық түсті киімдер – көйлек, байлауыш, шарф тағулары керек.

Маршрутты топтар тұрғылықты емес аудандарда және жетуі қиын жерлерде маршрутты топтар маршрут жүргізу кезінде ракеталы ракетницалармен жабдықталып, азық-түліктің әдеттегі қорынан тыс қорларға, сусыз алқаптарда су қорына ие болулары керек.

Топ маршрутқа шыққанға дейін партия басшысы мен топ жетекшісі маршруты тапсырмалар дайындап, өздерінің карталарына маршруттың сызығын енгізіп, тұрақтардың орынын белгілеулері қажет. Қозғалыс кестесін дайындап, радиобайланыс кестесін бекітіп, нақты жағдайлардан шыға отырып, топтың қайта оралуының жұмыс бақылау мерзімдерін бекітулері керек. Кері қайтудың бақылау мерзімі 1 тәуліктен аспауы қажет. Шығу уақыты, кері қайтудың жұмыс бақылау мерзімдері, міндетті тәртіппен арнайы журналға енгізіледі.

Маршруттағы жұмыс күндізгі уақыттарда жүргізіліп, қараңғы түскенде тоқтатылуы керек. Ауа-райы қолайлы болған күні ғана маршрутқа шығуға рұқсат етіледі.

Топ жетекшісі маршрута адамдардың қозғалыс тәртібін бекітеді.

Ережеге сай алда тәжірибелі жұмысшылар топ бастап, ең мықтысы топ топтың соңында жүреді.

Маршрут үшін жұмысшыларға тұмауратудан, тонудан, жылу мен күн сәулелерінен сақтайтын қолайлы киім мен аяқ киім беріледі.

Мұздықтарда, қар жабындарында, құмды жерлердегі қозғалыс кезінде күн сәулесінен қорғану үшін міндетті түрде күннен қорғайтын көзілдірілік беріледі.

Бағдарды жоғалтып алған жағдайда өзінің қай жерде екендігін білдіру үшін биік ашық жерлерде от жағып немесе айқаймен, ракетамен не оқ ату арқылы белгі беру керек.

Оттан қою ақ түтін шығару үшін отқа жасыл жапырақты бұтақтарды, жас шөпті т.б. тастау керек. Ал отқа резеңкенің кесектерін, майлы шүперек тастаған кезде қою кара түтін шығады. Ауа-райы ашық күндері ақ түтін алыстан жақсы көрінеді, ал бұлтты күндері кара түтін жақсы көрінеді.

Ұшып бара жатқан ұшаққа немесе тікұшаққа күндіз ашық күндері үстіңгі жағы жылтыр заттарды пайдаланып, ал түнде электрлі фонармен белгі берген жөн.

Барлық жұмысшылар апат болған жағдайдағы халықаралық белгіні міндетті түрде білулері керек, сигнал берудің кез-келген құралдары арқылы 10 секунд үзіліспен минутына 6 рет беріп, одан кейін 1 минут үзіліс жасауы керек.

Апаттың белгісі кері жауап белгісі беріліп, көмек келгенге дейін берілуі қажет. Кез-келген құралдарды пайдалану арқылы сигналдардың арасындағы аралық тең болатын минутына 3 рет соққы беріп, одан кейін бір минут үзіліс арқылы жауапты белгі беріледі.

Егерде екі адамнан тұратын маршрутты топтағының бірі сәтсіз жағдайға ұшыраса, екіншісі зардап шеккен адамға алғашқы көмек көрсетіп, құтқарушы топты шақыруға әрекет жасауы қажет.

Топ маршруттан оралмаған жағдайда партияның басшысы оны іздестіруді ұйымдастыруы керек. Бір күндік маршруттан оралмаған топты іздеу 12 сағаттан кейін жүргізілуі керек, бақылау мерзімі аяқталғаннан 24 сағат өткеннен кейін, топтың оралмағандығы мен оныздеуде жүргізген шаралар туралы жедел түрде экспедиция жетекшісі мен жергілікті билік органдарына хабарлау керек.

Мамандығына қарамастан геологиялық бөлімшелердің барлық жұмысшылары карта, компастың көмегімен және оларсыз да жергілікті жерге бағдар жасаудың әдістері мен тәсілдерін меңгеріп, іс-тәжірибеде пайдалана алулары керек.

Дала бөлімшелері жергілікті жердің жұмыс ауданының топонегізімен қамтамасыз етіледі, мұнда топонегіздің масштабы жергілікті жерге сенімді түрде бағдар жасаумен қамтамасыз етілуі қажет. Белгісіне қарамастан қозғалыстың кез-келген маршруты алдын ала белгіленіп, топонегізге енгізілуі қажет. Топонегіз Бен компассыз маршруты геологиялық зерттеулерді жүргізуге тыйым салынады.

Өзен, көлдер, тау шыңдары, шағын ормандар, су бөлімшелері, орлар, жолдар, жол қиылыстары, электр беру, байланыс және мұнай өнімдерінің желілері, триангуляциялы пунктер, маяктар, зауыт құбырлары және т.б. жергілікті жерге бағдар берушілер болып табылады. Кей жағдайларда бұл жерде бір ай (жыл) бұрын бақыланатын желдер, өнеркәсіп кәсіпорындарының гүрілдері, көлік құралдарының шуы, түтін мен иісте бағдар берудің қызметін атқарады.

Игерілмеген жерлерде жұмыстың уақытша нысандарын ұйымдастыру кезінде маршруттың жүрісін қысқартып, жұмысшылардың жергілікті жерге бағдар жасау мүмкіндігін жоғалтау мақсатында лагерді жұмыс участогіне жақын жерге орналастырады. Жұмысшылардың әрбір тобында (бригада, вахта, ауысым) жұмыс кезеңінде қауіпсіздікке жауап беретін жетекші тағайындалады. Барлық жұмысшылар жұмыс басталғанға дейін жергілікті жерден өту маршрутымен таныс болады. Мұнда өте тән бағдарлар мен қозғалыстың ерекшеліктеріне назар аударылады. Жұмысшылардың жалғыз өзі қозғалып, өз еркімен лагерлерді тастап кетуіне тыйым салынады. Жұмысшылар міндетті ұйымдасқан түрде дала бөлімшесінің жетекшісінің рұқсатымен, кері қайту уақыты көрсетілген арнайы журналға тіркеліп, аң, балық аулауға барады.

Жергілікті жердің бағдарын жоғалтып алған жұмысшылар қозғалысты тоқтатып, өзінің жергілікті жердің қай жерде екендігін анықтап, жақын тұрғылықты жерге, дала лагеріне немесе жұмыс нысанына қозғалысын бағыттауы керек. Дала партиясының әрбір жұмысшысы тек карта мен компастың көмегімен ғана емес, күн мен айдың, жергілікті белгілердің көмегімен бағдар жасай алулары керек.

Күн арқылы көкжиекті анықтау үшін ол жергілікті уақыт бойынша сағат 7-де шығыста, сағат 13-те оңтүстікте, сағат 19-да батыста, сағат 1-де солтүстікте болатындығын білу қажет. Бір сағаттың ішінде күннің орташа айналымы 15 градусқа тең келеді. Күн бойынша бағдар жасаудың тәсілдерінің бірі мынада. Сағатты көлденең жағдайда қойып, сағат тілі күнге қарай бағытталадындай етіп бұру қажет. Сағат тілімен және сағаттың орталығынан бағыттау арқылы түзілген бұрыш биссектрисасы циферблата «1» санына тең болып, С-О бағытты көрсетіп тұрады.

Бұл тәсілмен солтүстік және шекті ендіктерді бағдарлауда пайдалануға ұсынылады. Ай арқылы көкжиекті анықтау үшін ай туған уақытта ол сағат 19-да шығыста, сағат 1-де оңтүстікте, сағат 7-де батыста болатындығын есте сақтау қажет.

Егерде ай дискісінің бірінші жартысы көрінсе ол оңтүстікте, ал сағат 1-де батыста болады. егерде дискінің сол жақ жартысы көрінсе, онда ай сағат 1-де шығыста, ал сағат 7-де оңтүстікте болады. Солтүстікке бағытты полярлы жұлдыз арқылы анықтауға болады, оны Үлкен Аю шоқжұлдызы бойынша табу қиындық тудырмайды. Полярлы жұлдыз осы жұлдыздардың арасында бес реттік алшақтыққа тең қашықтықта Үлкен Аю жұлдызының екі шетін қосатын сызықтың бойында жатады. Сонымен қатар полярлы жұлдыз шөміштің шеткі жұлдызы бола отырып кіші аю шоқжұлдызына енеді. Алдын ала берілген аудан үшін сенімділіктерін тексере отырып олардың өздеріне тән белгілері бойынша да бағдар жасауға болады. Егерде ағаш ашық жерде өсіп тұрса, оның оң жағындағы бұтақтары мен жапырақтары қалың болады, ал солтүстіктегі қыртысы сүйкімсіз болады. Шайыр қылқан жапырақты ағаштардың оң жағына жиналады. Емен таудың оңтүстік баурайында жиі өседі.

Жергілікті жерге бағдар жасауды қалпына келтіру мүмкін емес болған жағдайда қозғалысқа тыйым салынады. Бұл жағдайда адасып қалған адамдар апаттың белгісін берулері керек.

Жергілікті жерге бағдар жасаудың тәртібі геология Министрлігі бекіткен типтік нұсқаумен реттелген.

Бақылау сұрақтары:

1. Дала жұмыстарына шығардың алдында партояның басшысы ең алдымен не істеу керек?
2. Маршрут жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасын атаңдар?
3. Дала лагерін ұйымдастыру кезіндегі қауіпсіздік шаралары қандай?
4. Көтеріп - тусіру жұмыстарының механикалық тәсілі салмағы қанша?
5. Қандай күндері жұмысқа шығуға тиым салынады?

Сынама алу кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

Пайдалы қазбаны іздеу мен барлаудың маңызды және негізгі бөлігі сынама алу болып табылады. Сынама өзіне іріктеу мен дала сынамаларын өңдеуді жатқызады. Сынама алу барысында бұрғылау арқылы тау қазындыларын барлау және табиғи ашылымдарда геологиялық түсірілім мен іздеу жұмыстары жүргізіледі.

Геологиялық барлау жұмыстарында сынама алу қауіпсіздік ережелері бойынша жүргізіледі. Тау қазындыларынан сынама алу кезінде қауіпсіздік техника ережелерін міндетті түрде сақтау қажет.

Сынаманы өңдеу мен іріктеу қолмен және механикалық жолмен жүзеге асырылады. Далалық сынамаларды өңдеу партия базасының орталағында немесе экспедицияда жүргізіледі.

Тау қазындыларынан сынама алу. Тау қазындыларынан сынама алу қауіпсіздік техникасына жауапты тұлғаның рұқсатымен жүзеге асырылады. Тау қазындыларынан сынама алатын тұлғалар арнайы киіммен және қорғаныс құралдары каска,көзілдірік, жер асты жұмыстарында индивидуалды жарық көзімен қамтамасыз етілулері қажет.

Жарылыс жүргізіліп жатқан тау қазындыларында, сынама алумен айналысып жатқан жұмысшылар, кәсіпорындағы жүргізілген жарылыстың шартты дабылын білу керек. Сынаманы қазындының забойынан алуға тиым салынады.

Жұмыс барысында сынама алушылар бір бірінен 1,5 м қашықтықта болу қажет. Жер асты қазындыларынан сынама алардың алдында ондағы ауаның құрамын тексеру қажет.

Сынама алу орнын жарықтандыру келесідей, сынама алынған жерде көлденең жарықтандыру 10 лк, ал тік жарықтандыру 15 лк.

1,5 м қазындыларда адамдарды түсіру үшін арнайы баспалдақтар қолданылады.

Отвалдардан сынама алу. Сынама алудың алдында жұмыстың қауіпсіздігіне жауапты сынама алудың технигі барлығын тексереді. Жұмыс басталуының алдында тұрақсыз жақтарын сынама алу орнының аймағында бекітеді. 5 м қазындылардың жақтарына көтерілу үшін арнайы баспалдақтар мен көпірлер қолданылады. Егер сынама алардың алдында улы газдар бар екендігі байқалса, онда сынама алушылар арнайы киімдермен және противогаздармен қамтамасыз етіледі.

Табиғи ашылымдардан сынама алу. Іздеу және түсірілім жұмыстарында табиғи ашылымдардан сынама алар кезінде таулы аймақтарда байқап жүру керек.

Сынама алу аймағы жұмыс басталардың алдында толығымен тексерілуі қажет және қауіпсіз жағдайға келтірілуі керек. Сынама алу орнында тұрақсыз тастар жойылады. Сынаманы құлағалы тұрған жыныстардан, үгіліп жатқан тастардан, тұрақсыз қабырғалардан алуға тиым салынады.

Сынама алудың механикалық әдісі. Механикалық жолмен сынама алу үшін кесу және соғу типімен сынама алатындар қажет. Қазіргі кезде ППР, ДПП-1 және УП-1МР сынама алу типтері кеңінен таралған. Сынама алушы пневможүйе қысымы деңгейінің 0,5 МПа асып кетпеуін бақылау керек. Эксплуатациялы сынама алудың кесуші типіне беріктілік пен алмазды айналымдардың түзетілуінің сақталуына ерекше көңіл бөлінген жөн. Жұмысты бастаудың алдында әрдайым алмазды айналымдардың түзетілуін тексеріп отыру керек.

Ұңғымаларды бұрғылау кезінде сынама алу. Ұңғымаларды бұрғылауда керннен сынама алу кезінде кернді екіге бөледі, бірі сынамаға, басқасы кернсақтағышқа барады.

Қолдық, механикалық, гидравликалық немесе пневматикалық түрлерінің көмегімен керннің айналымы жүреді. Керноколаның диаметрі керннің диаметріне сәйкес болу керек. Жұмыс уақытында сынама алушылар көзді керннің ұсақ бөлшектерінің шашырауынан сақтау үшін арнайы көзілдірік кию қажет. Сонымен қатар керн салу жәшігіне ерекше көңіл бөліну керек

Сабак №18

Гидрогеологиялық және инженерлі геологиялық зерттеулердегі қауіпсіздік шаралары

Жалпы қауіпсіздік талаптары

Инженерлі геологиялық және гидрогеологиялық іздеулер кезінде бірнеше жұмыстар орындалады. Инженерлі геологиялық ақпараттарды алу үшін әуе және жер үсті бағдарлау, тау кен қазындыларын және бұрғылау ұңғымаларын жүргізу, инженерлі геологиялық сынамалау, геофизикалық, тыңғылықты, зертханалық және т. б жұмыстар жүргізіледі.

Гидрогеологиялық зерттеулер далалық және зертханалық жұмыстардың маңында жүргізіледі. Орындалатын жұмыстың көп түрлілігіне байланысты жұмысшылардың денсаулығына және өміріне

қауіпті түрлі өндірістік жарақат пен кәсіптік ауруларға әкеліп соғады. Мысаллы бұрғылау жұмыстары кезінде өндірістік операцияны дұрыс орындамау және қондырғыны дұрыс пайдаланбаудан түрлі жарақат алу мүмкіншілігі жоғары болады.

